Qarasaı aýdandyq aptalyq, aqparattyq, qoǵamdyq-saıası gazeti | Карасайская районная еженедельная, информационная, общественно-политическая газета

# NAQTY

№ 12 (8702)
2 sáuır (beısenbı) / апреля (четверг)
2026 jyl / год

zgazeta@mail.ru | Naqtygazeti.kz | NAQTY.KZ Naqty.kz | Naqty.kz | Naqty.kz

1933 jyldyń qyrkúıek aıynan shyǵady / Газета выходит с сентября 1933 года

ЗАҢ ҚАДАҒАЛАУШЫ ОРГАН

## Ауданға жаңа прокурор тағайындалды

Дидар МӘЛІКҰЛЫ

Осы аптаның сәрсенбісі күні Қарасай ауданына жаңа прокурор тағайындалып, соған байланысты аудан әкімдігінде жиын өтті. Басқосуға Қарасай ауданы әкімінің міндетін атқарушы Бексұлтан Ақылбек төрағалық етіп, аудан активіне, мәслихат депутаттарына, зиялы қауым өкілдеріне, сондай-ақ бөлімдер мен мекемелердің басшыларына Қарасай ауданына жаңа прокурор тағайындалғаны жайлы хабардар етті.

Алдымен сөз кезегі Алматы облысы прокурорының орынбасары Абылайхан Ондасынға беріліп, ол ротациялау тәртібіне байланысты Бас прокурордың бұйрығымен Қарасай ауданының прокуроры қызметіне тағайындалған Аңсаған Данағұлды көпшілікке таныстырды. Оның өмірбаяны мен еңбек жолына қатысты ақпарат жеткізіп, алдағы қызметіне сәттілік тіледі.



Ал қызметіне енді кірiскен аудан прокуроры Аңсаған Жеткергенұлы өзіне жүктелген жауапкершіліктің жоғары екенін айта келе, қылмыспен күресу, аудандағы ахуалды тұрақтандыру сияқты маңызды жұмыс күтіп тұрғанын және сол мақсатта нәтижелі жұмыс істеуге күш-жігерін жұмсайтынын жеткізді.

Жиын соңында аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Жанат Исағұлов сөз сөйлеп, көпшіліктің атынан жаңа прокурордың қадамына құтты болсын айтты. Сонымен қатар ауданның қазіргі статистикалық жағдайына тоқталып, Қарасай жұртшылығымен қоян-қолтық жұмыс істеуді алға тартты.

Аңсаған Данағұлының өмірбаяны мен осы уақытқа дейін атқарған қызметіне



тоқталар болсақ, ол 1978 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар қаласында дүниеге келген. Жоғары білімін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде алған.

Еңбек жолын 2000 жылы Алматы қаласының Бостандық ауданындағы прокуратурасында бастаған. Одан кейін 2004 жылдан 2017 жылға дейін Медеу, Әуезов аудандарындағы прокуратурада көмекші, аға көмекші, бөлім басшысы, Алмалы ауданы прокурорының орынбасары болып еңбек еткен. Сондай-ақ Аңсаған Жеткергенұлы 2017-2019 жылдары Атырау облыстық прокуратурасында әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеп, 2020 жылдан 2024 жылға дейін Бас көлік прокуратурасында түрлі жауапты қызметтерді атқарған.

Ал 2024 жылдың қазан айынан бастап бүгінгі күнге дейін Алматы облысына қарасты Жамбыл ауданының прокуроры болды.

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ КӨМЕГІ

## «Ақ келін» өнімдері дәмді әрі тез дайындалады

**Сұранысқа ие кәсіп түрлері жылдан жылға артып келеді. Соның ішінде күндері «жұмыс-үй», «үй-жұмыс» деп өтіп жатқан адамдарға ыңғайлы болу үшін жасалған жылдам дайындалатын тағамдар кәсібін ерекше атап өтуге болады. Себебі бүгінгі күні қай дүкенге бара қалсаңыз да, әлеуметтік желі парақшаларын ашсаңыз да жартылай дайын тамақтың түр-түрін көре аласыз. Ал сұраныс пайда болған жерде оны қамтамасыз ететіндердің көбейетіні анық. Бір жегеннен дәмі аузында қалатын, тіл үйірер тағамдар дайындайтын Қарасай ауданының тұрғыны, көп балалы ана Марал Суранчиева – соның дәлелі. Газетіміздің осы нөмірінде оқырмандарымызды Марал ханымдай еңбекқор, тамаша жанмен таныстырып өтетін боламыз.**

Ақтоты МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ

Кәсібін енді дөңгелете бастаған Марал Суранчиева – бүгінде Іргелі ауылдық округіне қарасты Көксай ауылының тұрғыны. Сыртынан қарап-ақ кейіпкеріміздің өте белсенді, өміршең және бастамашыл, бір орында бос отыруды ұнатпайтын, үнемі қозғалыста жүретін адам екенін түсінуге болады. Сондықтан болар бес баланы өмірге әкеліп, декреттік демалыста болған кезінде ол бала тәрбиесі мен үй шаруашылығын реттеумен қатар өзінің ісін бастауды армандап, сол бағытта жұмыс істей бастаған.

Ата-анасы көптеген ауылдың тұрғындары секілді мал шаруашылығымен айналысқандықтан, ол бала кезінен бастап ұсақ және ірі қара малды бағу тәжірибесіне ие болғандықтан, алғашқы кездері сиыр өсіріп, оның сүтінен айран, ірімшік, құрт және тағы да басқа сүт өнімдерін өндіруді



қолға алады. Таныстарынан жеке кәсібін бастағысы келетіндерге мемлекет тарапынан грант берілетінін естіп, ісін бастау үшін көмекке жүгінуге шешім қабылдаған. Өкінішке орай оның бұл ойы комиссия мүшелерінің қызығушылығын тудырмады. Сәйкесінше, Марал грант иегерлері қатарына кірмеді.

Дегенмен, қандай жағдай болса да, артқа шегінуді ұнатпайтын кейіпкеріміз біраз уақыттан кейін үйде манты, тұшпара және самса сияқты жартылай фабрикаттарды жасап, сату идеясын ойлап табады. Бұл ісі бастапқы кезеңде тоқтап қалмауы үшін ол дайын өнімдерін алып, күнделікті көптеген дүкендер, кафелер мен асханаларды аралау жұмыстарын жүргізген. Тіпті, оның өнімдеріне онша қызықпаған сатушыларға сапасының жақсы екенін түсіндіру үшін өздері пісіріп, жеп көрсін деп жарты килограмм тұшпарасын тегін берген екен. Нәтижесінде дүкеншілердің көбіне Маралдың жартылай фабрикаттары қатты ұнап, тапсырыстар түсе бастапты. Онымен қатар бірқатар асханалар мен кафелер де тапсырыс берген. Сөйтіп, оның үйде жасалған өнімдеріне сұраныс айтарлықтай арта түсіпті.



Осы істі бастауға сол кезде кейіпкерімізбен бірге бір үйде тұрып жатқан келіні көмектескен. Екеуі бірге күні-түні манты, тұшпара және самса түйіп, сатумен айналысқан. Бірақ кейін туысы босанып, декреттік демалысқа шығады. Осыған байланысты Марал жалғыз өзі үлкен тапсырыстарды орындай алмайтынын түсініп, тек дайын қамыр жасауға көшкен. Жай ғана қамыр болғанның өзінде уақыт өте оған да сұраныс жоғарылапты.

Жалпы қамырды илеу үшін, әсіресе, үлкен көлемде илеу үшін қолдың күші мықты болуы керек. Сондықтан бүгінде кейіпкерімізге әскери қызметте жұмыс істейтін жолдасы Ғалымжан мырза көмектеседі. Марал негізгі жұмысынан келгенше күйеуі қажет көлемде қамырды илеп, май жағуға дайындап қояды. Әсіресе, жолдасының көмегі 150 келіге дейінгі үлкен тапсырыстар келгенде аса қатты байқалады. Сондай-ақ аналарына балалары Мөлдір, Бекзат, Жанбота, Қаламқас және Жантөре де барынша қолдау көрсетеді. Арнайы қаптаманың сыртына жапсырылатын логотипті басып шығарып, кесіп, жапсыруға көмектеседі. Үлкен ұлы тапсырыс түскен кезде таңертең тұрып, әкесімен бірге дайын өнімді жан-жаққа таратумен айналысады. Маралдың бастапқыда өзі үшін бастаған кәсібін жүргізуге бүгінде барлық отбасы мүшелері атсалысуда.

Кейіпкеріміз қазіргі уақытта өз өнімдерін «Ақ келін» деген атаумен сатуда. Оның жеке брендін осылай атауына көршілері ықпал еткен. Ашып айтқанда, алғаш өнімдерін жасай бастағанда Марал көршілес тұрып жатқан зейнет жастағы ерлі-зайыптыларға дәм татсын деп апарып берген. Сол кезде көрші ата кейіпкерімізді өте жақсы әрі пысық адам деп оған «Ақ келін» деген атау береді. Осылайша, үлкендердің батасымен жаңа брендтің атауы пайда болады. Ал зейнет жастағы көршілері оның түйілген тұшпарасын ерекше ұнатқаны соншалықты әлі күнге дейін дүкеннің дайын тұшпарасын алмай, Маралға жиі тапсырыс беріп отырады екен.

– Қазіргі таңда мен төрт асханамен серіктестік орнаттым. Біз оларға үш күн сайын 80-нен 150 келіге дейін әртүрлі қамыр жеткізіп береміз. Осы бизнесті жүргізіп жүрген кезімде, тағы да бағымды сынап мемлекет тарапынан берілетін 400 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі грантқа өтініш бердім. Қуанышыма орай бұл жолы сәттілік маған күлімсіреді, бизнес-жоспарымды комиссия мүшелері мақұлдады. Менің ойымша, бұл жолы маған гранттың мақұлдануы мен жаңа бизнесті емес, істеп тұрған кәсіпті ұсынғандығымнан болды деп ойлаймын. Сөйтіп, грант алғаннан кейін біз қамыр илеу және жаюға арналған жабдықты, сондай-ақ өнеркәсіптік ет тартқышты сатып ала алдым. Күйеуім екеуміз өзіміз пайдалану үшін «шоковый холодильник» деп аталатын арнайы мұздату жабдықтарын да сатып алдық. Ол «бір күннің ішінде көп қамыр жасап беріңізші» дегендерге үлкен көмек болады. Себебі «шоковый холодильник» өнімдерді небәрі 30 минутта қатырып тастайды. Одан кейін біз қатқандарды жай мұздатқыштарға салып қоямыз да, тапсырыс беруші қоңырау шалғанда апарып береміз. Жолда өнімдеріміз ерімейді де, бұзылмайды да.

Біздің отбасылық кәсібіміз біртіндеп өнеркәсіптік ауқымға ие болып, дамып келеді. Бұл ретте осындай мүмкіндік берген мемлекетімізге үлкен алғысымды білдіргім келеді. Мен секілді қарапайым адам үшін қайтарымсыз грант үлкен көмек болып табылады, – деді көп балалы, кәсіпкер ана.

Маралдың тағы басқа ерекше өнімдері бар. Олар – теңіз шырғанағы (облепиха), таңқурай, құлпынай, алма және өріктен жасалған джем (варенье). Алдымен ол оларды шағын құтыға құйып, негізгі өнімдерімен бірге сыйлық ретінде тұтынушыларына жіберіп отырған. Дәмін татып, ұнатқан адамдар кейіннен жартылай фабрикатпен қоса джемге де тапсырыстар бере бастады. Сөйтіп, Марал бүгінде негізгі өнімінен бөлек тәтті әрі денсаулыққа пайдалы джемді шығарып, өзінің тұрақты тұтынушыларын тапты.

– Шырғанақ джемі әсіресе танымал. Себебі оның құрамында теңіз шырғанағынан басқа да көптеген пайдалы ингредиенттер бар. Олардың ішінде имбирь, апельсин, мандарин, жаңғақ және тағы да басқа қоспалар жетерлік. Кейбір адамдар 10-12 литрге дейін тапсырыс береді. Сондықтан бұл бизнеске де сұраныс бар. Оған деген тапсырыс әсіресе, күз бен қыс айларында яғни, суық тидіруден немесе дәрумендердің жетіспеушілігінен зардап шегетін адамдар тарапынан көп түседі, – деді Марал.

Бүгінде өзінің шағын отбасымен жұмыс істеп жатқан кәсіпкер халықтың тек ризашылығына бөлінуде. Бұл да үлкен еңбектің арқасы, жасап жатқан жұмыстың жемісі. Болашақта ол шағын өндіріс цехын ашып, қамыр мен джем өндірісін одан әрі кеңейтіп, бірнеше адамды жұмыспен қамтығысы келеді. Бұл, әрине, уақыттың еншісінде. Ал біз өз тарапымыздан еңбекқорлықпен, күш-жігермен, бастамашылығымен және басқаларға жақсылық жасауға деген ынтасымен табысқа жететініне сенетін Марал Суранчиеваға тек сәтілік қана тілейміз!

КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ

## Солтүстіктің көшіне ілесу кімге тиімді?

**Баспананың жоқтығы, одан қалса жұмыссыздық – бұл екеуі кез келген адамның өмір сүру сапасын жақсартуға кедергі болатын маңызды мәселенің бірі. Дегенмен екі қолға күрек таппай, отбасын орнықты орналастыра алмай жүрген жандар үшін мемлекет жақсы мүмкіндік қарастырған. Ол – Қазақстанның Солтүстік өңіріне қоныс аудару.**

**Аталған аймаққа көшсеңіз алдымен баспанаға оңай қол жеткізіп, одан кейін тұрақты жұмысқа орналасуға болады. Ал отбасылы жандар үшін оның әрбір мүшесіне қаржылай қолдау тағы бар. Бұл атап өткен мүмкіндіктер тек бер жағы ғана. Бағдарламаның бағытын ашып айтар болсақ, тиімді тұстары жетерлік.**

**Шындығына келгенде, елімізде көші-қон саясаты жаңа кезеңге қадам басып, Үкімет тарапы 2030 жылға дейін тиісті тұжырымдаманы бекіткен болатын. Соның аясында осы жылдың басынан бері Солтүстік Қазақсан өңіріне қоныс аударуға ниетті тұрғындарға мемлекеттік қолдаудың ұтымды тұстары түсіндірілуде. Осы мақсатта жақында Қарасай ауданына Солтүстік өңірден арнайы делегация келіп, Шамалған мен Елтай ауылдық округтерінде аудан халқымен кездесті. Оның барысында солтүстікке қарай көшудің тұрғындар үшін қандай жағдай қарастырылғаны жайлы жан-жақты ақпарат берілді. Құрметті меймандарды Қарасай ауданының Мансап орталығының директоры Дулат Сансызбаев қарсы алып, жиын алдында бұл кездесудің мақсат-міндетін және өңіраралық қоныс аудару бағдарламасына тоқталды.**

Дидар МӘЛІКҰЛЫ

Іссапармен келген қонақтардың көшін Солтүстік Қазақстан облысының Еңбек мобильділігі орталығының директоры Нұрлан Бибулаев бастап келді. Онымен бірге облысқа қарасты Айыртау, Ақжар, Шал ақын, Мағжан Жұмабаев, Ғабит Мүсірепов атты аудандардағы мансап орталықтарының директорлары және осы аудандардың аумағында орналасқан компаниялар мен шаруа қожалықтарының басшылары келіп, бірінен кейін бірі сөз алып, өз өңірлерінің халық санын арттыруға шақырды.




Жиын барысында алдымен СҚО Еңбек мобильділігі орталығының директоры Нұрлан Төлеуұлы солтүстікке көшу кезінде халыққа көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың басты шарттарын атап өтіп, бірнеше жұмысшы мамандардың тапшы екенін түсіндірді.

Сонымен қатар ол қарасайлықтардың сұрақтарына жан-жақты жауап берді. Ал әр салаға жауапты бөлім мен компания өкілдері жұмыссыз азаматтар үшін барынша қолдау болатынын айтып, мекемелер тарапынан қайтарымсыз көмектің түрлеріне жеке-жеке тоқталды.



– Солтүстік Қазақстанға көшу бойынша мемлекеттік бағдарламаның ең үлкен көмегі – тұрғын үй сатып алуға берілетін қаржылай қолдау. Бұрын оның көлемі 4,5 млн теңге болатын. Ол, әрине, қоныс аударушылар үшін жеткіліксіз еді. Биыл аталған ақшалай көмек 7 млн теңгеге дейін көтерілді.

Егер тұрғындар келе сала тұрақты баспана таба алмай жатса, бір жыл ішінде жер үй немесе пәтер жалдай алады. Оған да мемлекеттен ақша бөлінген. Мәселен, ауылдық жерлер үшін шамамен 60 000-нан 90 000 теңгеге дейін, қалаларға – 90 000-нан 120 000 теңгеге дейін қарастырылған. Коммуналдық қызметінің төлеміне де қаржы беріледі. Бұл жерде бір айта кетерлігі, егер көшіп келушілер бір жыл ішінде ертерек тұрғын үйге қоныстанып жатса, аталған көмек сол уақытта тоқтатылады.

Сонымен қатар көшіп келушілерге субсидия берілетінін де айта кеткен жөн. Яғни отбасының әрбір мүшесіне, оның ішінде жас баладан бастап қарияларға дейін 302 мың теңгеден қаржы беріледі, – деп Нұрлан Бибулаев ең маңызды қолдау түрлерін түсіндірді.

Осы ретте айрықша атап өтетін бір жайт – сатып алынған баспана 5 жылдан кейін жеке меншікке өтуі. Одан кейін ол отбасы тұрғын үйді сатуға да құқығы бар.

Бұл көмектер – солтүстік жаққа табан тіреген жандарға арналған ең маңыздылары. Одан бөлек кәсіп бастаймын деушілер үшін қайтарымсыз гранттар да қарастырылған.

Солтүстік аймақ ауылшаруашылығы дамыған жерлердің бірі болғандықтан, мұнда дәл осы саланың дамуына көп басымдық беріледі. Нұрлан Төлеуұлының айтуынша, агрокомпаниялар көбінесе жүк көліктерін жүргізушілер, механизаторлар, малшылар, мал дәрігерлері, зоотехник сияқты кадрларды іздейді. Ал кәсіпорындардың көбісі жас мамандарды жаңа қызметке үйрету үшін арнайы оқытып, тәжірибеден өткізуге дайын.

Аталған өңірде, сондай-ақ білім саласына да ерекше мән берілген. Кейбір аудандарда педагогтердің тапшылығы байқалады. Ол жайында да делегация мүшелері сөз қозғап, мәселеге жеке тоқталды. Шал ақын аудандық білім бөлімінің басшысы Бұлбұл Ахмадиқызының сөзінше, балабақшалар мен мектептерде кадр жетіспеушілігі анық білінеді. Тіпті, кейбір білім мекемелері жойылып кетудің алдында тұр. Сондықтан бала санын арттыру мен мұғалімдердің таптырмайтын маман екені күн тәртібінен түспейтін мәселенің біріне айналған.

Солтүстікте шаруа қожалықтар мен әлеуеті мықты компаниялардың өсіп-өркендеуі де мықты мамандармен байланысты. Ол жайында Қарасай жеріне арнайы ат басын бұрып келген Ақжар ауданы «Еламан» шаруа қожалығының, Айыртау ауданы «Салман Агро» компаниясының, Ғ.Мүсірепов ауданы «Ақселеу» ЖШС-нің өкілдері кеңінен әңгімелеп, аталған мекемелердің тарапынан қандай маман тапшы екенін әрі қолдау түрлерін атап өтті.

Делегация мүшелері сөз сөйлегеннен кейін кездесуге арнайы келген қарасайлықтар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, пайымды ақпарат алды. Олардың арасында болашақ жас маман атануға ниетті студенттер, жұмыссыз жандар, тіпті, зейнет жасындағы ата-апаларымыз да Солтүстік Қазақстанға көшуге қызығушылық танытты.

Мемлекет қолдау білдірген бұл бағдарламаның жай-жапсарын көптен бері зерделеп, қоныс аударуға ниетті болып жүргендердің бірі – ауданымызға қарасты Ұлан ауылының тұрғыны Данияр Жаныспаев. Ол да осы жиынға отбасы мүшелерімен арнайы қатысып, делегация мүшелеріне сауалдарын қойды. Данияр мырзаның айтуынша, бағдарламаның барлық шарты көңілге қонымды. Дегенмен кейбір қолдаудың расына көз жеткізу үшін әлі де ой елегінен өткізу қажет.

– Бағдарлама менің отбасым үшін қолайлы болып тұр. Солтүстік өңірге көшуге қамданып жатырмыз. Ол жаққа барып, ел қатарлы жұмыс істеп, еңбек етіп, сол жерге пайдамды тигізсем деп отырмын. Бір жағынан отбасыммен өсіп-өнуді де ойлаймын. Қысқасы, көшуге дайынбыз.

Айтпақшы, мен ол жаққа жалғыз емес, Мақсат есімді досыммен қоныс аударуға ниеттіміз. Ол да отбасылы. Қазіргі таңда тиісті құжаттарымыздың бәрін тіркеп қойдық. Бағдарламаның шарттарына қатысты делегация мүшелерімен ақылдасатын бір-екі жайт бар. Одан кейін көшетін елді мекенді таңдап, жақын арада Солтүстік өңірге қарай жолға шығып кетеміз, – деп пікір білдірді Данияр Жаныспаев.

Бағдарламаның басты талаптары аталған жиында көпшілікке түсінікті болғандай. Көбісі делегация мүшелерінен анық ақпаратқа көз жеткізіп, байланыс телефон нөмірлерін жазып алып жатты.

Айта кетейік, егер Солтүстік Қазақстанға көшу жөнінде мемлекеттік бағдарламаға қызығушылық танытқандар болса, Қарасай ауданының Мансап орталығынан білуге болады. Мекенжайы – Шамалған ауылы, Жібек жолы көшесі, 45.

ӘДЕП КОДЕКСІ

# Іскерлікті нығайтады

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің менталитетін қалыптастыруға зор үлес қосары сөзсіз. Онда мемлекеттік қызметтің қоғам өміріндегі рөлі, мемлекеттік қызметшілердің ұстанымдары мен қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылу қажет екені айшықталған. Бұдан бөлек мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрыс ережелері қызметтік әдеп стандарттарында көрініс тапқан.

Атап айтқанда, қоғамдық кеңістіктегі мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен және әріптестерімен қызметтік қарым-қатынастағы, қызметтен тыс уақыттағы қызметтік әдебінің стандарттары нақтыланған. Мәселен, мемлекеттік қызметшілер қарапайым болуға, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға міндетті. Сонымен бірге азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік



танытуы, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеуі, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмауы тиіс.

Әдеп кодексіне сәйкес, мемлекеттік қызметшілер ұжымда іскерлік және жанашыр өзара қарым-қатынас пен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және оны нығайтуға ықпал етеді.

Мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі елдің ертеңі соларға байланысты. Бір сөзбен айтқанда, олар билік пен қарапайым халық арасын жалғайтын алтын көпірге айналуы керек. Бүгінде мемлекеттік саладағы мамандардың білім-біліктілігінен бұрын адамгершілік пен ананың сүтімен келетін тәлім-тәрбиені де талап ететініміз анық.

**Данияр МАНТАЕВ,**
**Қарасай ауданы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі.**

## 2026 жылғы Қарасай ауданы әкімінің І жартжылдық бойынша халықпен кездесулерінің КҮНТІЗБЕСІ

| Қарасай ауданының әкімі 1 жартыжылдық | 06.04.2026 | 07.04.2026 | 08.04.2026 | 09.04.2026 | 10.04.2026 | 13.04.2026 | 14.04.2026 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бірінші Май а/о Бекболат ауылы, Мектеп көшесі, № 3 «б» (Қапал батыр атындағы ОМ, спорт залы) 15:00 | Әйтей а/о Еңбекші ауылы, Қазақстан көшесі, №273 (ЖК «Палниязова» ғимараты) 10:00 | Жамбыл а/о Батан ауылы, Саламатов көшесі, №1 «г» (Батан ОМ) 10:00 | Жібек жолы а/о Көлащы ауылы, Байжарасов көшесі, № 5 (Ж. Бәрібаев атындағы ОМ, акт залы) 10:00 | Елтай а/о Елтай ауылы, Тамабаев көшесі, («Келешек мектеп», акт залы) 10:00 | Ұмтыл а/о Мерей ауылы, Д. Қонаев көшесі, № 7 (Мәдениет үйі) 15:00 | Шамалған а/о Шамалған ауылы, Жібек жолы көшесі, № 45 (Мәдениет үйі) 10:00 |
| | 15.04.2026 | 16.04.2026 | 17.04.2026 | 24.04.2026 | | - | - |
| | Жандосов а/о Жандосов ауылы, Б.Темірбеков көшесі, №16 (О. Жандосов атындағы ОМ, акт залы) 10:00 | Іргелі а/о Іргелі ауылы, Қонаев көшесі, №82 (Мәдениет үйі) 10:00 | Райымбек а/о Бұлақты ауылы, Қырғауылды көшесі («Келешек мектеп», акт залы) 10:00 | Қаскелең қаласы Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі №40 (Аудандық мәдениет үйі) 10:00 | | - | - |

**Қарасай ауданы әкімінің аппараты.**

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

# Ауылшаруашылығы дамып, кәсіпкерліктің өрісі кеңеюде

Жуырда аудандық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы болып, оны ашқан кеңес төрағасы Жанат Исағұлов алдымен күн тәртібімен таныстырды әрі бұл басқосудың аудандық мәслихат депутаттарымен бірлесе өткізілетінін атап өтті.



Алғашқы кезекте «Ауданның ауылшаруашылығы бөлімінің атқарып жатқан жұмыстары туралы» бөлім басшысы Сырым Жарқымбаев есеп берді.

Ауданда ауылшаруашылығында 1935 шаруашылық субъектісі тіркелген. Олардың 220-сы белсенді жұмыс істеп тұр, оның ішінде 115-і өсімдік шаруашылығымен, 56-сы мал шаруашылығымен айналысады. Бүгінде ауыл шаруашылығы саласында 20 500 адам жұмыс істейді. Аудан бойынша ауыл саны 46 және бір қала бар. 2025 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша ауылшаруашылығының жалпы өнімінің көлемі – 91,0 млрд.теңгені, нақты көлем индексі – 102,1% құрады. 2026 жылғы қаңтар айының қорытындысы бойынша жалпы ауылшаруашылығы өнімінің өндірген көлемі 3,7 млрд. теңге болды. Нақты көлем индексі – 90,7%, облыстағы үлес – 11,6%. 2026 жылға жоспар бойынша ауылшаруашылығының жалпы өнімінің көлемі – 93,0 млрд. теңгені, нақты көлем индексі – 102,1% құрайды деп күтілуде. Ауданда алдағы вегетациялық кезеңге және егіс науқанына дайындық жұмыстары жүйелі әрі жоспарлы түрде жүргізілуде. Жалпы аудан бойынша 2026 жылға белгіленген егіс көлемі 24 мың гектарды құрайды. Оның ішінде дәнді дақылдар – 7,3 мың гектар, мал азықтық дақылдар – 9 мың гектар, майлы дақылдар – 835 гектар, картоп – 600 гектар, көкөніс – 900 гектар. 2025 жылы су үнемдейтін технологияларды қолданысқа енгізу жоспары 2410 га, орындалғаны 1190 га немесе 49,4%. Ағымдағы жылы су үнемдеу технологиясын 1578 га жер көлеміне енгізу жоспарлануда. Шаруа қожалықтармен осы бағытта жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылы 18 ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі көктемгі және күзгі егін жинауға 301,4 тонна арзандатылған дизель отынын алды немесе 100% игерілді. Күзгі дала жұмыстарына 111,4 тонна отынына өтінім толық игерілді. 2026 жылы көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізу үшін 13 шаруа қожалығы 294,8 тонна арзандатылған дизель отынын алуға өтінім берді. Оның ішінде көктемгі 174,8 тонна, күзгі 120 тонна. 2025 жылдың басынан 452 млн. теңгеге 42 бірлік техника сатып алынды. 2026 жылы 35 техника сатып алу жоспарлануда.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында «Қонаев» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 118 жобаға 1 млрд. 106 млн. теңге несие берілді. Қазіргі уақытта 263 жобаға 2,3 млдр. теңге көлемінде құжаттар тапсырылып, қаржыландыру күтілуде. «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде ауданда 590,0 млн теңгеге 20 өндірістік кооперативі тіркеліп, «Қонаев» ӘКК 374,0 млн. теңгеге 13 кооперативтің құжаты қабылданды. Бүгінгі күнге 4 қарыз алушыға 108,5 млн. теңгеге несие берілді. 2026 жылы облыстан 104 жобаға 1,9 млрд. теңгеге алдын ала лимит бекітілді. 2025 жылы ауданға «Кең Дала» бағдарламасы аясында 1 млрд 150,2 млн. теңге бөлініп, 7 шаруашылық 1 млрд 215,4 млн. теңгеге несие алып, игеру деңгейі 105,7% құрады. 2026 жылға 2 шаруашылық жалпы сомасы 404,6 млн. теңгеге өтінім берді, олар – «Азия Агрофуд» АҚ және «Рахимов» ШҚ.

Мұнан кейін Қанибек Айтжанов, Орынбай Жанәділ, Тұрғанбек Оразалиев, кеңес төрағасы Жанат Исағұлов осы мәселе жайында ой-пікірлерін білдірсе, Сейтқали Ыбытаев аудан өзендеріндегі судың азаюы, Сапар Жұмабаев ауыл шаруашылығы техникаларының жайы мен субсидия жөнінде, Несіпбала Әбділдаева тамшылатып суару туралы сұрады. Сырым Ақылжанұлы сұрақтарға толыққанды жауап қайтарды. Сондай-ақ кейбір өзекті мәселелерге аудан әкімінің орынбасары Адис Сейдакматов түсініктеме берді.

Бұдан соң кеңес мүшелері мен депутаттар «Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің жұмыстары туралы» аталған бөлімнің басшысы Олжас Тлепбергеновтің есебін тыңдады.

2025 жылы негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 253,3 млрд теңгені құрады. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 29,1 млрд теңгеге артық деген сөз. 2026 жылы негізгі капиталға инвестициялар көлемі 288 млрд теңгеге бекітілді. Қазіргі таңда Қарасай ауданында жалпы инвестиция көлемі 130,5 млрд теңгені құрайтын 9 ірі инвестициялық жоба іске асырылуда. Олар – «MP Solution» ЖШС-нің «А» класты логистикалық кешені, «Future University» – креативті индустриялар паркі, «Jiang nan Kazakhstan» ЖШС – көтерме-тарату орталығы және өнеркәсіптік-логистикалық аймақ, «Caspian Beverage Holding (Буратино)» ЖШС – алкогольсіз сусындар өндіру және бөтелке ыдыстарын шығаратын зауыты, «Asia Steel A» ЖШС – рулонды болатты ыстық мырыштау және бояу цехын салу, «Pladis Kazahstan» ЖШС-нің өндірісін кеңейту жобасы, «Noves Polimer» ЖШС-нің ПВХ профильдерін өндіру зауыт, «KYZYR GROUP» ЖШС – түсті металдарды қабылдау және қайта өңдеу зауыты, «Big City Market» ЖШС – «Алтын Орда» әмбебап нарығын жаңғырту. Сонымен қатар тағы басқа кәсіпорындары тарапынан шамамен 125 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартылуы күтіледі.



Қарасай ауданының кәсіпкерлік бөлімі тұрақты негізінде азық-түлік тауарларының негізгі түрлеріне баға мониторингін жүргізеді. Күн сайын мониторинг бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелері облыс бойынша қорытындылау үшін Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сауда бөліміне жолданады.

2026 жылғы қаңтар айынан бастап Қарасай ауданының кәсіпкерлік бөлімі сауда заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша 36 сауда субъектісіне түсіндіру жұмыстарын жүргізіп,ресми парақшаларда ақпараттық материалдар жариялады. Осыған орай 2026 жылы жүргізілген мониторингтік рейд барысында 12 дүкенде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуі анықталды. Аталған факт бойынша материалдар Сауда департаментіне ресми түрде жолданып, нәтижесінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шешім қабылданды.

Өткен жылдың желтоқсан айынан бастап аудан аумағында орналасқан дүкендерде, компьютерлік клубтарда, сыраханалар мен мейрамханаларда қала және ауылдық округ әкімдіктерінің қызметкерлерімен, сондай-ақ аудандық полиция басқармасымен бірлесіп профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды. Жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде 27 мейрамхана, ойын-сауық орталығы және сауда нысандары тексерілді. Компьютерлік клубтарда кәмелетке толмаған жастардың болғаны анықталып, олардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Аталған деректер бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442-бабына сәйкес әкімшілік хаттамалар толтырылды. Сонымен қатар, Қаскелең қаласы мен ауылдық округтер аумағында түнгі уақытта алкоголь өнімдерін сату фактілері бойынша барлығы 10 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама рәсімделді.

Қарасай ауданы аумағында 40 автожанармай құю станциясы жұмыс істейді. Аталған АЗС-терде АИ-92 маркалы бензин тапшылығы байқалмайды, бензиннің бөлшек саудадағы бағасы 1 литр үшін 237-241 теңге аралығында. Сонымен қатар, аудан аумағында сұйытылған мұнай газын бөлшек саудалайтын шамамен 40 нысан бар, онда газдың бағасы 1 литр үшін 112 теңгеден аспайды.

Бұл мәселе жөнінде Сейтқали Ыбытаев, Орынбай Жанәділ, аудандық мәслихаттың төрағасы Бауыржан Айнабеков, Несіпбала Әбділдаева, кеңес төрағасы Жанат Исағұлов, аудандық мәслихат аппаратының қызметкері Қордай Әбілбеков, ұсыныс-тілектерін айтса, Сапар Жұмабаев бағаны тұрақтандыру мен инвестиция тарту жайына назар аударды.

Келесі кезекте аудандық сәулет және қалақұрылысы бөлімі ұсынған «Қарасай ауданындағы «FOCUS ISAEVO өндірістік-логистикалық кешенін егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы» талқыланып, алдымен бөлім басшысы Дінсұлтан Бейсембек сөйледі. Мұнан кейін жоба жетекшісі Әнуар Тұманшаев жобамен таныстырды. Бұл жобаға кеңес мүшелері мен депутаттар тарапынан нақты түзетулер енгізіліп, келесі отырыста талқылауға қайта шығарылсын деген шешім қабылданды.

Сонымен қатар отырыста аудандық жер қатынастары бөлімі ұсынған «Аудан бойынша фермерлік немесе шаруа қожалығына және ауылшаруашылық өндірісін жүргізу үшін конкурсқа қатысатын ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің тізіміне» келісім берілді.

Отырысты кеңес төрағасы Жанат Молдағұлұлы қорытындылап, қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

**Берікбай ҚАДЫҚОВ.**

МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТЫ

# Әділ кадрлық саясаттың негізі

Мемлекет басшысы бекіткен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында мемлекеттік аппаратты кәсібилендірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде меритократия қағидатын толық іске асыру қажеттігі көрсетілген. Тұжырымдамада меритократия мемлекеттік қызметке іріктеу және қызмет бойынша ілгерілету құзыретке, кәсіби дағдыға және еңбек нәтижесіне негізделуі тиіс екені атап өтіледі.

Сонымен қатар тұжырымдама мемлекеттік қызметтің гибридті моделіне көшу арқылы меритократия қағидатын толық іске асыруды, іріктеу рәсімдерін жеңілдетуді, барлық кандидаттар үшін тең мүмкіндік қалыптастыруды көздейді. Бұл бағыт мемлекеттік қызметтегі адами факторды азайту, әділдік пен ашықтықты арттыру арқылы халық сенімін күшейтуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен қоғам сенімінің артуы мемлекеттік қызметтегі кадрлық саясаттың әділ әрі ашық болуына тікелей байланысты. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесінде орныққан маңызды қағидалардың бірі – меритократия.

«Меритократия» ұғымы мемлекеттік қызметте нақты әрі заңмен бекітілген қағида ретінде көрініс табады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттарының бірі ретінде меритократия мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау, оны қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету деп көрсетілген.

Бұл қағида мемлекеттік қызметшінің мансаптық өсуі тек тәжірибесіне емес, нақты нәтижесі мен кәсібилігіне, еңбегі мен жетістіктеріне негізделуі тиіс екенін білдіреді.

Мемлекеттік қызметтегі кадрлық іріктеу мен өсудің негізгі құралдарының бірі – конкурстық рәсімдер. Соның ішінде «Б» корпусының бос лауазымдарын толықтыру кезінде ішкі конкурс өткізу тәжірибесі кеңінен қолданылады. Заңнамаға сәйкес ішкі конкурсқа мемлекеттік органның өз қызметшілері қатыса алады. Бұл – мемлекеттік қызметшінің кәсіби өсуіне мүмкіндік беріп, еңбек нәтижесін бағалау



арқылы жаңа лауазымға іріктеудің тиімді тетігі.

Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарында меритократия қағидатын іске асыру бағытында нақты нәтижелер байқалады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша ішкі конкурстар нәтижесінде бос лауазымдарға 122 мемлекеттік қызметші тағайындалды, оның ішінде 81 қызметші бұрын төменгі лауазымдарда қызмет атқарған. Бұл ретте меритократияның үлесі 72,3% дейін өсіп отыр. Яғни 2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылы меритократия үлесі 6,3% өскен.

Осы мәліметтер кадрлық ілгерілетуде әділдік қағидатының күшейіп келе жатқанын және мансаптық өсудің нақты кәсіби тәжірибемен байланысып отырғанын көрсетеді.

Меритократия – мемлекеттік қызметтің тұрақты дамуының, кәсіби аппарат қалыптастырудың және әділетті кадрлық саясаттың берік негізі. Алдағы уақытта меритократия қағидатын жүйелі түрде нығайту — мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігін көтеруге, адал әрі нәтижелі мемлекеттік аппарат қалыптастыруға қызмет ететін маңызды қадам болмақ.

**Нұрсұлтан СЕЙДАЛИЕВ,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы.**

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА – ЖОЛ ЖОҚ

# Пара алу да, беру де қылмыстық әрекет болып саналады

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін, мемлекеттік басқару жүйесіне деген сенімді әлсірететін аса қауіпті әлеуметтік құбылыс. Ол заң үстемдігіне нұқсан келтіріп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейді. Сондықтан Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік те, қылмыстық та жауаптылық көзделген. Бұл жауаптылық түрлері жасалған құқық бұзушылықтың сипаты



мен ауырлығына байланысты қолданылады.

Кейбір жағдайларда сыбайлас жемқорлық әрекеттері аса ауыр қылмыс болып саналмайды, бірақ заң бұзушылық ретінде бағаланады. Мысалы, мемлекеттік қызметшінің заңда тыйым салынған сыйлық алуы, мүдделер қақтығысын жасырғаны немесе қызметтік шектеулерді сақтамауы әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. Мұндай жағдайда айыппұл салынады немесе белгілі бір қызметпен айналысуға уақытша тыйым салынады. Бұл шаралардың басты мақсаты – заң бұзушылықтың алдын алу және мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру.

Ал пара алу, пара беру, делдал болу немесе қызметтік өкілеттігін асыра пайдалану – қылмыстық әрекеттер болып саналады. Бұл әрекеттер қоғамға үлкен зиян келтіреді, сондықтан заңмен қатаң жазаланады.

Қылмыстық жауаптылыққа тартылған адам ірі көлемде айыппұл төлеуі, мүлкінен айырылуы немесе бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Сондай-ақ мұндай адамдарға мемлекеттік қызметте жұмыс істеуге өмір бойына тыйым салынады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жазалаумен шектелмейді. Ең бастысы, оның алдын алу. Ал оған сот жүйесінде ерекше көңіл бөлінеді. Сондықтан заң талаптарын сақтау, ашықтықты қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын қорғау – біздің күнделікті қызметіміздің негізі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат заңды сақтап, әділетсіздікке жол бермеуге өз үлесін қосуы тиіс.

**С.ҚАЛМАҚБАЕВА,**
**Қарасай әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот әкімшісі басшысы.**

# Қарасай ауданы Жандосов ауылдық округінің учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлама

**№ 471 учаскелік сайлау учаскесі**
**Орталығы:** Жандосов ауылы: Батан Тәжіұлы Темірбеков көшесі, 16. О.Жандосов атындағы орта мектебі, тел. 8(72771)42057
Комиссия төрағасы – Манбекова Салтанат Бейсембаевна
Комиссия төрағасының орынбасары – Жанабилова Айжан Кенесовна
Комиссия хатшысы – Сапарова Зульфия Муратбаевна
Комиссия мүшелері: Саимбетова Назира Куанышбаевна, Жанадилова Жанар Кайратовна, Бердикеев Ермек Ерланович, Кагазбеков Алмахан Нураханович.

**№ 471 учаскелік сайлау учаскесі**
**Орталығы:** Жандосов ауылы: Батан Тәжіұлы Темірбеков көшесі, 16. О.Жандосов атындағы орта мектебі, тел.8(72771)42057.
Комиссия төрағасы – Билалов Еркин Абдилдаевич
Комиссия төрағасының орынбасары – Кушканова Галия Узакбайкызы
Комиссия хатшысы – Жакупова Газиза Мауленовна
Комиссия мүшелері: Амиржанова Бахыткуль Айтбаевна, Бегимова Салтанат Мухаметхановна, Оразханова Баян Сейтжановна, Мамутбаев Аскар Умыралиевич.

**№ 472 учаскелік сайлау учаскесі**
**Орталығы:** Шалқар ауылы, 4-ші квартал 69 «а», Шалқар орта мектебі, тел.8(72771)39220.
Комиссия төрағасы – Аманова Бану Маратовна
Комиссия төрағасының орынбасары – Асбаева Айнур Темирхановна
Комиссия хатшысы – Омыралиева Асель Сарсенбековна
Комиссия мүшелері: Кайырбеков Фархад Нурланович, Булгунчинова Ажар Толеуовна, Сыдыкова Гульнар Сайрамбахтиновна, Нурекенова Дариха Сарсеновна.

**№ 473 учаскелік сайлау учаскесі**
**Орталығы:** Шалқар ауылы: Абай көшесі, 9, «Өнер мектебі», тел.8(72771)3074399.
Комиссия төрағасы – Шапиева Баглан Шакенкызы
Комиссия төрағасының орынбасары – Токмирова Жанар Малтаевна
Комиссия хатшысы – Менлибаева Эльвира Мусаевна
Комиссия мүшелері: Джуманова Магрипа Берикболатовна, Кабылашова Бикен Кусайыновна, Тажибаев Бердимурат Даулетович, Кадырхан Әділ Айтқазыұлы.
**Учаскелік сайлау комиссияларының жұмыс уақыты сағат 08:00-ден 17.30 -ға дейін үзіліссіз.**

**Қарасай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.**

# Сообщение о составах, местах нахождения и времени работы участковых избирательных комиссий Жандосовского сельского округа Карасайского района

**Участковая избирательная комиссия № 470**
**Центр:** с. Жандосово, ул. Батана Тажіұлы Темірбекова, 16, средняя школа им. О. Жандосова, тел.: 8 (72771) 42057.
Председатель комиссии – Манбекова Салтанат Бейсембаевна
Заместитель председателя комиссии – Жанабилова Айжан Кенесовна
Секретарь комиссии – Сапарова Зульфия Муратбаевна
Члены комиссии: Саимбетова Назира Куанышбаевна, Жанадилова Жанар Кайратовна, Бердикеев Ермек Ерланович, Кагазбеков Алмахан Нураханович.

**Участковая избирательная комиссия № 471**
**Центр:** с. Жандосово, ул. Батана ТажіұлыТемірбекова, 16, средняя школа им. О. Жандосова, тел.: 8 (72771) 42057.
Председатель комиссии – Билалов Еркин Абдилдаевич
Заместитель председателя комиссии – Кушканова Галия Узакбайкызы
Секретарь комиссии – Жакупова Газиза Мауленовна
Члены комиссии: Амиржанова Бахыткуль Айтбаевна, Бегимова Салтанат Мухаметхановна, Оразханова Баян Сейтжановна, Мамутбаев Аскар Умыралиевич.

**Участковая избирательная комиссия № 472**
**Центр:** с. Шалкар, 4-ый квартал, 69 «а», средняя школа села Шалкар, тел.: 8 (72771) 39220.
Председатель комиссии – Аманова Бану Маратовна
Заместитель председателя комиссии – Асбаева Айнур Темирхановна
Секретарь комиссии – Омыралиева Асель Сарсенбековна
Члены комиссии: Кайырбеков Фархад Нурланович, Булгунчинова Ажар Толеуовна, Сыдыкова Гульнар Сайрамбахтиновна, Нурекенова Дариха Сарсеновна.

**Участковая избирательная комиссия № 473**
**Центр:** с. Шалкар, ул. Абая, 9, школа искусств, тел.: 8 (72771) 3074399.
Председатель комиссии – Шапиева Баглан Шакенкызы
Заместитель председателя комиссии – Токмирова Жанар Малтаевна
Секретарь комиссии – Менлибаева Эльвира Мусаевна
Члены комиссии: Джуманова Магрипа Берикболатовна, Кабылашова Бикен Кусайыновна, Тажибаев Бердимурат Даулетович, Кадырхан Әділ Айтқазыұлы.
**График работы избирательнх комиссий: с 08.00 до 17.30 часов, без перерыва**

**Территориальная избирательная комиссия Карасайского района.**

Қарасай ауданы әкімінің
2026 жылғы 29 қаңтардағы
№ 1 шешіміне қосымша

Қарасай ауданы әкімінің
2025 жылғы 20 наурыздағы
№ 1 шешіміне 1-қосымша

# Қарасай ауданы Жандосов ауылдық округі бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары

**№ 470 сайлау учаскесі**
Сайлау учаскесінің орталығы: Жандосов ауылы, Батан Тәжіұлы Темірбеков көшесі, 16, «Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «О. Жандосов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты (№1 корпусы).
Сайлау учаскесінің шекаралары: Жандосов ауылы:
Айдарлы көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15;
Ақбастау көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66;
Ақжайық көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37;
Н. Әлімқұлов көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48;
Алмарасан көшесі 1, 2, 3, 4, 5;
Балбұлақ көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7;
Балғын көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37;
Балдырған көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37;
Береке көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39;
Жалын көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32;
Жамбыл көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18;
Жібек жолы көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57;
Жусан көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28;
Қ. Тоғаев көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28;
Қасқасу көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29;
Наурызбай батыр көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88;
Сәйгүлік көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32;
Саяжай көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36;
К. Сопиев көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36;
Талапкер көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13;
Тастыбұлақ көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25;
Шапағат көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10;
Баянды көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10;
Самұрық көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8;
Алаш көшесі 1, 2, 3, 4, 5;
Көктем көшесі 1, 2, 3, 4;
Аққайың көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6;
Бозторғай көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8;
Шөладыр көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7;
Құлагер көшесі 1, 2, 3, 4;
Шығыс көшесі 1, 2, 3, 4, 5;
Тәбия Каражанова көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45;
Батан Тәжіұлы Темірбеков көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29;
Жаңалық көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15;
Парасат көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15;
Ынтымақ көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15;
Ойнақ көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15;
Асылтас көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15;
Сайран көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15;
Құнарлы көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15.

**№ 471 сайлау учаскесі**
Сайлау учаскесінің орталығы: Жандосов ауылы, Батан Тәжіұлы Темірбеков көшесі , 16, «Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «О. Жандосов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты (№ 2 корпус).
Сайлау учаскесінің шекаралары: Жандосов ауылы:
Батан Тәжіұлы Темірбеков көшесі 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79;
Ардагерлер көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77;
Балауса көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10;
Ж. Бәрібаев көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39;
Диірмен көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51;
Көкжиек көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10;
Жаңа ауыл көшесі 1, 2, 3, 4;
Ақсу көшесі 1, 2;
Б. Омаров көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56;
Райымбек батыр көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69;
Самал көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30;
Сүйінбай көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28;
Т. Бокин көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30;
Төле би көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10;
Тұлпар көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14;
Үйтас көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52;
Мамыр көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15;
Қыран көшесі 1, 2, 3, 4;
Жағажай көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8;
Жайлау көшесі 1, 2, 3, 4, 5;
Балдәурен көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10;
Қызғалдақ көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6;
Нұрлы көшесі 1, 2, 3, 4, 5;
Шұғыла көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8;
Атамекен көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8;
Қазына көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8;
Қарасу көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10;
Сұңқар көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7;
Бәйтерек көшесі 1, 2, 3;
Жұлдыз көшесі 1, 2, 3, 4, 5;
Алмалы көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10;
Ақтілек көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81;
Тұлпар көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45;
Маралды көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15;
«Береке Фино» бағбандық қоғамы; Қайрат ауылы.

**№ 472 сайлау учаскесі**
Сайлау учаскесінің орталығы: Шалқар ауылы, 4-ші квартал, 69 «а», «Қарасай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шалқар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты (фойе, оң қанаты).
Сайлау учаскесінің шекаралары: Шалқар ауылы:
С. Сейфуллин көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86;
Аққайнар көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53;
Ақбұлақ көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76;
Жетісу көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70;
Жамбыл көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81;
К. Әзірбаев көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84;
М. Мәметова көшесі 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68;
Сапарлы көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59;
Жеңіс көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68;
Көлсай көшесі 1, 2, 3, 4, 5; 4-ші квартал.

**№ 473 сайлау учаскесі**
Сайлау учаскесінің орталығы: Шалқар ауылы, Абай көшесі, 9, «Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Өнер мектебі» коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты(фойе, сол жақ қанаты).
Сайлау учаскесінің шекаралары: Шалқар ауылы:
Абай көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133;
Д. Қонаев көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88;
Қоғам өміріне, жастар өміріне балта шабатын экстремизм мен терроризмнің алдын алу барша адамзат баласының мойынындағы үлкен жауакершілікпен атқарылатын жұмыс деп санаймын. Оның алдын алу үшін мектеп жасындағы оқушылардан бастап жүйелі іс-шаралар жүргізілуі керек. Біріншіден, жастарға дінді бейбітшілік пен жақсылық жолын көрсететін рухани құндылық екенін толық түсіндіру қажет. Екіншіден, мемлекет тарапынан да жастар өміріне баса назар аудару, жұмыссыздық, жастар арасында болашаққа деген сенімсіздік, қорқыныш болмау керек. Ал мемлекет барынша жастарға қамқорлық қолдау танытқаны жөн. Үшіншіден, қазіргі ауыр дертке айналған әлеуметтік желілерді пайдалануды да қатаң бақылауға алу маңызды.

Әрбір ата-ана баласының әлеуметтік желіде қандай ақпараттарды көретінін, қарайтынын қатаң бақылауға алу керек деп санаймын. Қазіргі болып жатқан түрлі оқиғалардың барлығы осы әлеуметтік желілердегі шектен тыс қитұрқы көрсетілімдердің салдары десек, артық айтқандық емес.

Қазақстан Республикасы ұжымдық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық бастамалардың белсенді қатысушысы ретінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылға ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі таңда мемлекет ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың кең спектрін өткізуде. Дегенмен осындай үлкен сын-қатердің алдын алу мәселесі ең алдымен әр отбасының, қоғамның және мемлекеттің жауапкершілігі шеңберінде қарастырылады. Азаматтық қауымдастықтың мемлекеттік органдармен бұл бағытта бірлесе жұмыс атқаруы маңызды жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Сондықтан барлығымыз қауіпсіз болашақ құру жолында бірлесе жұмыс атқаруымыз қажет. Біздің бірлігіміз – барлық проблеманың, қауіп-қатердің алдын алатын басты қару.

**Нұрзия АЛҚАДЫР,**
**Әлжан Бұқарбайқызы атындағы қазақ орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі.**

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – 95

# Жырлайды жүрек, сөйлейді өлең

Аспантаудың ақиығы, Хантәңірінің мұзбалағы – жыр әлемінің мәңгілік шамшырағы, қазақ поэзиясының заңғар тұлғасы Мұқағали Мақатаевтың туғанына биыл 95 жыл толуына орай Әлжан Бұқарбайқызы атындағы қазақ орта мектебіінде «Жырлайды жүрек, сөйлейді өлең» атты сазды поэзиялық кеш ұйымдастырылды. Бұл рухани-мәдени шара жас ұрпаққа ұлттық әдебиетті, туған елге, жерге деген сүйіспеншілікті, адамгершілік құндылықтарды поэзия арқылы сіңіруді мақсат етті.

Кештің атауының өзі ақын шығармашылығының терең мәнін ашып тұрғандай. Себебі Мұқағали поэзиясы жүректен шыққан шынайы сыр, халықтың жан дүниесін сөйлеткен мәңгілік мұра болып табылады. Ақын жырларында туған жерге деген сағыныш, анаға деген махаббат, өмірдің мәні мен адамның ішкі жан арпалысы шынайы да әсерлі суреттеледі. Оның әрбір өлеңі – қазақ рухының көрінісі, ұлттық болмыстың айнасы.

Сазды поэзиялық кештің шымылдығы ақын өмір жолына арналған қысқаша бейнероликпен ашылды. Онда ақынның балалық шағы, туған топырағы, шығармашылыққа келген жолы туралы мазмұнды деректер беріліп, көрермендер ақын тағдырымен тереңірек танысты. Әсіресе, оның жырларынан үзінділер оқылған сәттерде залда ерекше тебіреніс сезімі байқалды.

Кеш барысында мұғалімдер мен оқушылар Мұқағали Мақатаевтың сырлы да мұңлы, отты да өршіл өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Ақынның жүрекке жылы тиетін лирикалық жырлары көрермен көңілінен шығып, әрбір тыңдарманға ой салды. Поэзия кешін ақын өлеңдеріне жазылған әндер де көркейте түсті. Әуен мен жыр үйлесім тауып, көрерменді ерекше рухани әлемге жетеледі.

Іс-шара барысында ақынның поэзиясындағы басты тақырыптар – Отан, туған жер, ана, махаббат, азаматтық позиция мәселелері кеңінен сөз болды. Жүргізушілер Мұқағали поэзиясының тәрбиелік мәніне тоқталып, оның шығармалары жас ұрпақты адамгершілікке, адалдыққа, елін, жерін сүюге үндейтінін атап өтті. Сонымен қатар, поэзия арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру кештің басты міндеттерінің бірі екені де айтылды.

Кештің әсерлі сәттерінің бірі ақынның «Аққулар



ұйықтағанда» поэмасынан алынған көрініс болды. Бұл кеш қонақтарына ерекше эмоциялық әсер сыйлады. Поэмада ананың перзенті үшін жанын пида етуге дайын шексіз махаббаты, табиғатқа қол сұғудың қасіреті мен адамгершілік жауапкершілік терең бейнеленеді. Сахналық көрініс барысында ананың ішкі арпалысы, киелі аққуға қол көтеру сәтіндегі трагедиялық күйі көрермен жүрегіне жол тауып, көпшілікті толқытты. Кеш барысында көрермендер ақынның туған жері Қарасаз ауылындағы мұражайын онлайн тамашалады. Сонымен бірге көрермендерге ақын кітаптарынан көрме ұйымдастырылып, шығармаларымен жақынырақ танысуға мүмкіндік берілді.

«Жырлайды жүрек, сөйлейді өлең» атты сазды поэзиялық кеш – тек бір реттік мерекелік шара ғана емес, жас буынның рухани дүниесін байытқан тағылымды кездесу болды. Мұндай әдеби кештер арқылы оқушылар поэзияны тек жаттап қана қоймай, оның мағынасын жүрекпен сезінуді үйренеді. Мұқағали Мақатаевтың шығармалары – уақыт өткен сайын өз құндылығын жоғалтпайтын асыл қазына. Ақын жыры – бүгінгі ұрпаққа да, келешек буынға да рухани бағдаршам болары сөзсіз.

Аспантаудың ақиығы атанған Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған бұл сазды поэзиялық кеш көрермендерге терең әсер қалдырды. Ақынның өлмес жыры тағы бір мәрте халқымен қауышып, жүректерге жол тапты. Осындай рухани кештер арқылы қазақ әдебиетінің жауһарлары жас ұрпақ санасында жаңғыра бермек.

**Гаухар КАТУБАЕВА,**
**Әлжан Бұқарбайқызы атындағы қазақ орта мектебінің директоры.**

# Ғасыр ақыны ұлықталды

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай Шамалған ауылындағы орта мектеп пен Қарасай аудандық музей қызметкерлері бірлесе ұйымдастырған «Ғасыр ақыны» атты әдеби-сазды кеш жүректерге жылу сыйлаған тағылымды шараға айналды.

Кеш барысында Қарасай аудандық тарихи-өлкетану музейінің меңгерушісі Алмабек Амангелдіұлы ақынның өмір жолы мен мол мұрасынан сыр шертіп, мектеп қорына Бердікбек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа», Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя», Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» сынды құнды кітаптарын тарту етті. Бұл рухани қазынаға қосылған үлкен олжа болды.

Ал мектептің жас мамандары Мұқағали поэзиясын жан-тәнімен дәріптеп, әсерлі қойылымдар қойып, жүрекке жетер әндерін орындап, кештің көркін аша түсті.

Рухани байлыққа толы, поэзия мен өнер тоғысқан бұл кеш көптің көңілінде ұмытылмас әсер қалдырды.

**А.СОВЕТХАНОВА,**
**Шамалған орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.**



СЕМИНАР

# Жасанды интеллект – білім берудегі жаңа мүмкіндік

Жақында Жамбыл атындағы орта мектепте «Функционалдық сауаттылық пен цифрлық мәдениетті дамытуда жасанды интеллекттің рөлі» тақырыбында аудандық семинар өтті. Іс-шараға аудан мектептерінің педагогтері қатысып, білім беру саласындағы заманауи әдіс-тәсілдер мен цифрлық технологияларды қолдану тәжірибесімен танысты.

Семинар мектеп директоры Раушан Мауленованың қолдауымен ұйымдастырылып, оқу-әдістемелік жұмыстардың жүйелі жүргізілуіне директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары Қайрат Аманжолов жетекшілік етті. Сондай-ақ семинар жұмысына аудандық білім бөлімінің әдіскері Мөлдір Бекетова қатысып, ұстаздардың тәжірибесіне жоғары бағасын берді.

Семинар барысында бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған ашық сабақтар өткізді. Бұл жұмыстарды бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі Ранайкуль Темирбаева үйлестірді. Ал аудан педагогтарына Гулбаршын Нұрғалиева көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, сабақтарға жол ашып берді.

Ашық сабақтарда мұғалімдер цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың түрлі әдістерін көрсетті. Атап айтқанда, өзімнен басқа Ардақ Жұмағалиева, Назира Муханова, Жұлдызай Байлыева, Салтанат Байбосынова,



Жанымкүл Махмут, Самира Сафарова, Жазира Есилбаева бәріміз өз тәжірибелерімізбен бөлісіп, мазмұнды сабақтар өткіздік.

Семинардың әсерлі сәттерінің бірі бастауыш сынып мұғалімдері Рая Ашықбаева, Гүлсезім Әбдіқани, Алима Балкибекова, Жұлдыз Арынбаева бен оқушылары қойған көрініс болды. Көріністе мұғалімнің күн сәулесіндей айналаға нұр шашып, білімнің жарығын таратып тұрғаны бейнеленді. Бұл көрініс ұстаз еңбегінің нәтижесі білімді де жарқын болашаққа ұмтылған шәкірт екенін әсерлі түрде жеткізді. Бастауыш сынып мұғалімі – жас ұрпаққа жарық сыйлайтын «күн шуағындай» екені көрермендерге ерекше әсер қалдырды. Ляйля Букенова, Досжан Жанатұлы және Назым Токсабанова аудан педагогтарына заманауи платформаларды оқу процессіне тиімді қолдану жолдарын көрсетті.

Семинар өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар тарапынан үлкен қолдау мен оң пікірге ие болды. Мұндай тәжірибе алмасу алаңдары педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырып, білім беру үдерісіне жаңа серпін беретіні сөзсіз. Шара соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық мәдениет пен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді қолданудың маңыздылығын атап өтті.

**Перизат КУЛОВА,**
**Жамбыл атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі**

ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ

# Бала тілінің дамуы – болашақтың бастауы

Баланың тілінің дамуы – оның ойлау қабілетінің, қарым-қатынасының және тұлға болып қалыптасуының маңызды негізі. Сөйлеу тілі арқылы бала қоршаған ортамен байланыс орнатып, өз ойын жеткізеді, сұрақ қояды, жауап



береді және жаңа білімді қабылдайды. Сондықтан бала тілінің дұрыс әрі уақытында дамуы оның болашақтағы оқуына, әлеуметтік бейімделуіне үлкен әсер етеді.

Баланың сөйлеу тілі туғаннан бастап біртіндеп дамиды. Алғашқы кезде бала дыбыстар шығарып, былдырлап сөйлей бастайды. Уақыт өте келе сөздік қоры көбейіп, қарапайым сөздер мен сөйлемдерді айта бастайды. Дегенмен кейбір балаларда сөйлеу тілінің дамуы баяу болуы немесе белгілі бір дыбыстарды дұрыс айта алмау жағдайлары кездеседі. Мұндай жағдайда логопед маманының көмегі өте маңызды.

Логопед – балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді анықтап, түзету жұмыстарын жүргізетін маман. Логопедиялық сабақтарда артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, ұсақ моториканы дамытуға арналған ойындар, тіл дамыту тапсырмалары қолданылады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстарды дұрыс айтуына, сөздік қорын молайтуына және сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Баланың сөйлеу тілін дамытуда ата-ананың да рөлі өте үлкен. Үйде баламен жиі сөйлесу, кітап оқу, өлең-тақпақ жаттау, жаңылтпаштар айту және түрлі ойындар ойнау баланың тілінің дамуына жақсы әсер етеді. Сонымен қатар баланың қойған сұрақтарына шыдамдылықпен жауап беріп, оның ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік беру қажет.

Бала тілінің дамуы – оның болашағының берік негізі. Тілі жақсы дамыған бала өз ойын анық жеткізе алады, білімді тез қабылдайды және қоғамда еркін қарым-қатынас жасайды. Сондықтан бала тілінің дамуына ерте жастан көңіл бөліп, қажет болған жағдайда маман көмегіне жүгіну – әр ата-ананың маңызды міндеті.

**Н. КАЛГУЛОВА,**
**Шамалған ауылындағы №9 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің логопед-маманы.**

МАМАН КЕҢЕСТЕРІ

# Туберкулез оңай жұғуы да мүмкін

Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні – жыл сайын 24 наурызда атап өтілетін атаулы оқиға. Осы маңызды күннің құрметіне біздің дәрігерлер көпшілік білуі тиіс туберкулез туралы деректер ұсынады.

Туберкулез – бұл микробактерия немесе гох таяқшасы тудыратын жұқпалы ауру. Туберкулез инфекциясының негізгі көзі – туберкулезбен ауыратын науқас, ол жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде жұқтырған сілекей мен қақырықтың тамшыларын шығарады, ал сау адам ауамен инфекция қоздырғышын жұқтырады. Туберкулез оңай жұғу мүмкін. Туберкулез бактериялары негізінен ауа тамшыларымен таралады. Ол микобактериялары сау адамның ағзасына көбінесе тыныс алу жолдары арқылы, сондай-ақ туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқаспен байланыста болғанда берілуі мүмкін. Емделусіз қалған туберкулездің жабық түрі ашық түрге айналуы ықтимал. Инфекциядан ауруға және ашық форманың пайда болуына дейінгі кезеңнің ұзақтығы иммундық жүйенің жағдайына байланысты. Адам неғұрлым зиянды өмір салтын жүргізсе (темекі шегу, алкоголь, стресс, нашар тамақтану, қолайсыз өмір сүру жағдайлары және т.б.), соғұрлым мұндай асқынудың қаупі жоғары болады.

Егер салмақ жоғалту, терлеу, кеуде ауыруы, қан қақыру, жалпы әлсіздік және шаршау, дене температурасының ұзақ көтерілуі сияқты симптомдар болса, дәрігермен кеңесіп, туберкулезге тест тапсыру керек:

Әр адам туберкулезбен ауыруы мүмкін. Ол үйсіз, тұтқындар мен мигранттар арасында белсенді түрде таралуда. Бірақ бүгінгі күні туберкулез халықтың барлық топтарында кездеседі, жұмыс істемейтіндер және өкпенің созылмалы ауруларымен, қант диабетімен, маскүнемдікпен, нашақорлықпен, адамның иммун тапшылығы вирусымен диспансерлік есепте тұрғандар және иммуносупрессивті терапия алғандар және т.б. адамдар жиі ауырады. Өкпе туберкулезімен ауыратын науқастың қасында болу қаупі бар.

Туберкулезді емдеуге болады. Туберкулезді толық емдеуге болады. Ағзадағы микобактерияларды жою үшін толық емдеу курсынан өту керек. Туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқастарға белгілі бір кезең ішінде мамандандырылған медициналық мекемеде емделудің толық курсынан өту қажет. Бұл айналадағы сау адамдарды аурулардан қорғайды. Емделусіз туберкулездің ашық түрі қысқа мерзімде науқастың өліміне әкелуі мүмкін. Науқастарды туберкулезге қарсы препараттармен емдеу және қамтамасыз ету мамандандырылған емдеу мекемелерінде туберкулезге қарсы диспансерлерде, бөлімшелерде, кабинеттерде тегін жүргізіледі.

Емдеудің толық курсынан өту маңызды. Фтизиатр дәрігер тағайындаған аяқталмаған емдеу курсы науқастың ағзасындағы туберкулез қоздырғышының толық жойылуына кепілдік бермейді.

Туберкулездің алдын алуға болады. Алдын алу шараларын толығымен жүргізудің маңызы зор, өйткені бұл ауру әлеуметтік болып табылады.. Туберкулездің медициналық



профилактикасының негізі – бұл емханада тұрақты тексерулер жүргізу.

**Қамарсұлу ТАЖИГАТОВА,**
**Қарасай ауданаралық көпсалалы ауруханасы туберкулез кабинетінің медбикесі.**

# Ем алу барысында пайда болатын жұқпалы ауру

Ауруханаішілік инфекциялар – науқас медициналық ұйымға түскен кезде болмаған, бірақ ем алу барысында немесе одан кейін пайда болатын жұқпалы аурулар. Бұл инфекциялар пациенттердің денсаулығына елеулі қауіп төндіріп қана қоймай, емдеу мерзімін ұзартып, асқынулардың артуына әкелуі мүмкін.

Ауруханаішілік инфекциялардың негізгі қоздырғыштары – бактериялар, вирустар және саңырауқұлақтар. Олар көбінесе медициналық құрал-жабдықтар, қызметкерлердің қолы, қоршаған орта нысандары арқылы беріледі. Әсіресе иммунитеті төмен, созылмалы аурулары бар науқастар қауіп тобына жатады.

Медициналық ұйымдарда Ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу мақсатында келесі санитариялық-эпидемияға қарсы шаралар тұрақты түрде жүргізіледі:

1. Қол гигиенасын сақтау. Медицина қызметкерлерінің қолды уақтылы және дұрыс өңдеуі - инфекцияның таралуын болдырмаудың ең тиімді тәсілі.

2. Дезинфекция және стерилизация. Медициналық құралдарды, жабдықтарды және үй-жайларды белгіленген тәртіпке сәйкес дезинфекциялау және стерилизаци-



ялау талаптарының қатаң сақталуы.

3. Бір реттік медициналық бұйымдарды пайдалану. Қанмен және биологиялық сұйықтықтармен жанасатын құралдардың бір рет қолданылуы.

4. Оқшаулау шаралары. Жұқпалы ауру белгілері бар науқастарды уақытылы оқшаулау және арнайы бокстарға орналастыру.

5. Желдету және кварцтау. Палаталар мен емдеу бөлмелерінде ауаны залалсыздандыру шараларын жүйелі жүргізу.

6. Медициналық қалдықтарды дұрыс басқару. Қалдықтарды жинау, тасымалдау және жою талаптарының сақталуы.

Ауруханаға түскен әрбір азамат та инфекцияның алдын алуға үлес қоса алады. Атап айтсақ, қолды жиі жуу және антисептик қолдану, дәрігердің барлық ұсынымдарын орындау, жеке гигиена заттарын бөлек пайдалану, жөтелгенде немесе түшкіргенде ауыз-мұрынды жабу, келушілер санын шектеу.

Ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу – медицина қызметкерлері мен пациенттердің ортақ жауапкершілігі. Санитариялық талаптарды қатаң сақтау арқылы ғана қауіпсіз әрі сапалы медициналық көмек көрсетуге болады.

**А.САТЫБЕКОВА,**
**Қарасай аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы**



# Асқынуы өлімге алып келеді

Құтырма – адамның орталық жүйке жүйесінің зақымдануын аңғартатын вирустық аурудың түрі. Қоздырғыш ауруға шалдыққан жануардың сілекейі арқылы беріледі.

Құтырма вирусы сыртқы ортада қайнату барысында 2 минуттан соң, дезинфекциялағыш ерітінділер көмегімен 3-5 минуттан соң жойылады. Олар кепкен және қатырылған (мұздатылған) күйде ұзақ сақталады. Науқас түріне шалдығу ауру жануардың тістеуі кезінде, немесе теріні сілекейлегенде (егер микротравмалар болса) орын алады.

Құтырма адамнан адамға берілмейді, ол құтырмамен ауырған науқас адамдардан немесе жануарлардан жұғуы мүмкін. Оның жалпы клиникалық белгісі жағымсыз күйлерден басталады, тіс батқан жер ауырады, сонымен қатар адамнан ұйқысы қашып, көңіл-күйі болмайды, қорқыныш, шаршау сезімі мен түрлі дыбыстар мен бейнелерге түршігіп тұрады. Сондай-ақ тыныс жолдары мен жұтынуы қиындап, ақыл-есі бұзылып, сандырақтауы мүмкін.

Аурудың асқынуы адамды өлімге алып келеді. Осыған байланысты жануарлар (ит, мысық, жылқы, егеуқұйрық, т.б) тістеп алған жағдайда бұл аурудың асқынып кету қаупінің алдын алуға бағытталған шараларға үлкен назар аударылу қажет.

Қазіргі таңда құтырманың алдын алу барысының тиімді жолдары ол – уақытылы антирабикалық вакцинаны егу. Бұл жануарлар тістеген жағдайларда ауруханаға қаралу кезінде жасалады, яғни антирабикалық вакцина, егер жарақат қауіпті жерде болса антирабиялық иммуноглобулин егіледі. Жануар тістеп алған жағдайда жедел түрде өзіңіз тұратын жердің немесе оқиға басқа жерде болса сол жердің медициналық ұйымдарының травмотолиялық пунктне барып, антирабикалық көмек алу қажет. Антирабикалық көмек жарақат орнын өңдеуден (жарақат орнын сабынды сумен мұқият тазалау), антирабикалық вакцинаны, антирабикалық иммуноглобулин мен антирабикалық вакцинаны қатар салудан тұрады.

Емдік курс жалпы 5 екпеден (0-күн, 3-күн, 7-күн, 14-күн, 30-күн, бұл егер тістеп алған жануар белгісіз болса, немесе өліп қалса) тұрады.

Ал белгілі жануар тістеп алған жағдайда тістеген жануар туралы ветеринарлық дәрігерге хабарлап, жануарды тексерту қажет. Сонымен бірге жануарларды асырауға алған адам оның денсаулығы мен күтіміне жауапкершілікпен қарауы тиіс.

**М.СИСЕНБАЕВА,**
**Қарасай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы Эпидемиологиялық бақылау бөлімінің бас маманы.**

РЕКОМЕНДАЦИИ СПЕЦИАЛИСТА

# Осторожно: клещи!

**С наступлением тепла просыпаются от спячки клещи, которые являются переносчиками таких инфекционных заболеваний, как клещевой энцефалит и клещевой боррелиоз. Сезон активности этих насекомых – с апреля по октябрь, максимальный пик приходится на май и июнь. Клещи нападают на человека не только в лесу, но и в городских парках, садах, на огородах. Они могут перебраться на человека и с рядом сидящего в транспорте грибника или садовода, а также прибыть в дом с шерстью домашних животных или с букетом полевых цветов.**

Клещевой энцефалит – острое инфекционное вирусное заболевание с преимущественным поражением центральной нервной системы. Его последствия: от полного выздоровления до нарушений, приводящих к инвалидности и смерти.

Как можно заразиться?

- при посещении эндемичных по клещевому энцефалиту территорий – в лесах, лесопарках, на индивидуальных садово-огородных участках;

- при заносе клещей животными (собаками, кошками) или людьми – на одежде, с цветами, ветками и так далее;

- при употреблении в пищу сырого молока, чаще всего коз, а также овец, коров, у которых в период массового нападения клещей вирус может находиться в молоке; именно поэтому в неблагополучных территориях по клещевому энцефалиту необходимо употреблять этот продукт только после кипячения;

- втирая в кожу вирус при раздавливании клеща или при расчесывании места укуса.

Какие основные признаки болезни?

Для заболевания характерна весенне-осенняя сезонность, связанная с периодом наибольшей активности клещей. Инкубационный (скрытый) период чаще всего длится 10-14 дней, с колебаниями от одного до 30 дней. Болезнь начинается остро, сопровождается ознобом, сильной головной болью, резким подъемом температуры до 38-39 градусов, тошнотой, рвотой. Беспокоят мышечные боли, которые наиболее часто локализуются в области шеи и плеч, грудного и поясничного отделов спины, конечностей.

Кто подвержен заражению?

Клещевым энцефалитом могут заразиться все люди, независимо от возраста и пола. Наибольшему риску подвержены лица, деятельность которых связана с пребы-



ванием в лесу – работники леспромхозов, геологоразведочных партий, строители автомобильных и железных дорог, нефте- и газопроводов, линий электропередач, топографы, охотники, туристы. Горожане заражаются в пригородных лесах, лесопарках, на садово-огородных участках.

Как можно защититься от клещевого энцефалита?

Меры индивидуальной защиты и вакцинация от нападения иксодовых клещей – это основы профилактики клещевого энцефалита.

В период сезона активности клещей при посещении природного очага клещевого энцефалита (походы в горы, в лес, отдых в лагерях и оздоровительных организациях, расположенных в окрестностях города Каскелен и так далее) врачи-эпидемиологи рекомендуют соблюдать следующие меры предосторожности по недопущению укусов клещей:

- не рекомендуется садиться и ложиться на траву; необходимо проводить частые и внимательные осмотры одежды, тела, вещей как в период пребывания на природе, так и по мере возвращения домой;

- носить однотонную и светлую одежду, брюки заправлять в носки и в сапоги, верхнюю часть одежды – в брюки, манжеты рукавов должны плотно прилегать к руке, ворот рубашки и брюки должны иметь застежки, под которые не сможет проползти клещ; на голову надевать капюшон, пришитый к рубашке, куртке, или же заправлять волосы под косынку, шапку;

- необходимо использовать репелленты – вещества, отпугивающие клещей.

Вместе с тем, стоит помнить, что самым эффективным способом защиты от клещевого энцефалита является вакцинация.

Где и как можно сделать прививку от клещевого энцефалита?

Прививки можно получить в городских поликлиниках по месту жительства (или по месту прикрепления) бесплатно, после консультации врача. Курс вакцинации состоит их двух прививок с интервалом 1-7 месяцев. Прививки можно проводить в течение всего года, в том числе и в эпидсезон. Наиболее оптимальный интервал между первой и второй прививками равен 5-7 месяцам (осень-зима). Посещение очага клещевого энцефалита в эпидсезон допускается не раньше, чем через две недели после проведения второй вакцинации. Ревакцинацию проводят однократно через год после завершения курса вакцинации. Последующие отдаленные ревакцинации проводят каждые три года однократно.

Что делать и куда обращаться, если произошло присасывание клеща?

В случае обнаружения присосавшегося клеща в наиболее ранние сроки (не позднее четвертого дня после присасывания клеща) необходимо обращаться в пункты серопрофилактики, где окажут квалифицированную медицинскую помощь и осуществят введение иммуноглобулина против клещевого энцефалита ( в течение 96 часов после присасывания клещей). Не следует самостоятельно удалять клеща, не пытайтесь раздавить его. Это опасно! Если на ваших руках есть царапины, порезы, вирус может попасть в кровь.

Помните, соблюдение мер безопасности, использование репеллентов при выходе на природу, раннее обращение за медицинской помощью в случае присасывания клеща, своевременная профилактика и лечение способствуют благоприятному исходу заболевания.

**Асель МЫРЗАХМЕТОВА,**
**главный специалист Карасайского районного управления санитарно - эпидемиологического контроля.**

АУДАН МУЗЕЙЛЕРІ СЫР ШЕРТЕДІ

# Әшекейлер тарихпен тығыз байланысты

Қазақ халқының зергерлік бұйымдары әлем халықтарының назарын аудартпай қоймайды. Ұлттық әшекейлер тек сәндік бұйым ғана емес, ғасырлар тереңінен тамыр тартқан мәдениеттің ажырамас бөлігі. Әрбір бұйымға үңілсек, оның өзіндік сыры мен мағынасы бар. Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халықтың өмірімен, тарихымен, мәдениетімен және шаруашылығымен тығыз байланысты.

Әшекей бұйымдардың тарихы ежелгі Андронов дәуірінен, одан кейінгі сақ, үйсін, ғұн кезеңдерінен бастау алады. Қазақ жерінде жүргізілген археологиялық қазбалар барысында Алтайдан Оралға дейінгі, Сырдариядан Солтүстік орманды далаларға дейінгі аймақтардан алтын, күміс, коладан жасалған және асыл тастармен әшекейленген көптеген бұйымдар табылған.

Қазақтың ұлттық әшекейлері тек сән үшін тағылмаған, олар қорғаныш қызметін де атқарған. Сол себепті қазақ қыздарының әшекейлерін жасау үшін тазарту қасиеті бар күміс кеңінен пайдаланылған. Әшекей бұйымдар жаңа туған нәресте кезінен бастап тағылған. Бұл – тіл-көзден сақтайды деген сенімге байланысты туған ырым. Ал 10-11 жасқа келген қыз балалардың әшекей бұйымдары қалыңдық жасауымен қатар дайындала бастаған. Бойжеткен шақта қыздар күмістен жасалған шолпы таққан.

Адам баласы ертеден әшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі деп санаған. Әшекейлер арқылы әйел адамның қоғамдағы орны мен абырой-беделін де аңғаруға болған. Қазақы әшекейлердің көпшілігі күмістен жасалған. Қазақ әйелдері зергерлік бұйымдарды өмір бойы қолданған, әсіресе күмістен жасалған бұйымдарды жоғары бағалаған. Өйткені күміс дала халқы үшін киелі металл саналған.

Байырғы қазақтар қолында



күміс жүзігі жоқ әйелдің дайындаған астан дәм татпаған деген түсінік те болған. Себебі күміс тағам құрамындағы адам ағзасына зиянды заттарды жояды деп сенген.

Ұлттық әшекей бұйымдарда өсімдік тектес және геометриялық ою-өрнектер кеңінен қолданылған. Әсіресе космологиялық ою-өрнектер жиі кездеседі. Әрбір өрнектің өзіндік мәні мен мағынасы бар.

Балаларға арналған әшекей тана деп аталады. Бұл көз тимесін деген ниетпен тағылатын күмістен және асыл тастардан жасалған моншақтар. Қазақ дәстүрінде баланың қауіпсіздігі мен сәні үшін ақық моншақ, алқа моншақ, көз моншақ сияқты әшекейлер тағылған. Олар жеңіл әрі баланың денсаулығына зиян келтірмейтін материалдардан жасалған.

Бойтұмарды жасөспірім қыздар, бойжеткендер және жас келіншектер таққан. Алғашында алқа дөңгелек пішінді болып, тек әшекей ретінде қолданылса, кейіннен оның түрі өзгеріп, тұмарша пішініне ауысқан. Бойтұмардың ішіне адамды түрлі жамандықтан, сұқ көзден сақтасын деген ниетпен Құран аяттары жазылып салынған. Бұл аяттарды арнайы діни адамдар жазып, орап бойтұмарға орналастырған. Әдетте оны басқа адам тақпаған.

Қазақ халқы ойын, айтылмаған сырын кейде түрлі заттар арқылы жеткізген. Мысалы, қыздың басы бос екенін білдіру үшін үйдің керегесіне белгі ілу дәстүрі болған. Мұны көрген адам бұл үйде бойжеткен қыз бар екенін түсінген.

Салт-дәстүр бойынша атастырылған қыздың құлағына сырға тағу рәсімі де бар. «Құлағына алтын сырға» деген сөз тіркесі де осыдан шыққан. Оның мағынасы – «саған бір сыр айтамын, оны құпия сақта» дегенді білдіреді.

Ежелгі кезеңдерде сырғаны тек әйелдер ғана емес, ер адамдар да таққан. Әсіресе жауынгерлер мен батырлар бір сырға таққан. Ер азамат оң құлағына сырға тақса, әулеттің соңғы ұрпағы, сол құлағына тақса – отбасындағы жалғыз ұл екенін білдірген деген түсінік болған.

Қазақ дәстүрінде құдалар арасында сыйластықтың белгісі ретінде құдағи жүзік сыйлау дәстүрі бар. Бұл екі әулеттің бір-бірімен туыстасып, бір отбасыға айналғанын білдіреді. Қос құдағи бұл жүзікті тағу арқылы жаңа шаңырақтың берік, ғұмыры ұзақ болуын тілеген.

Бұрын ұзатылып бара жатқан қыздарға арнайы қобдиша туған жерінің топырағын салып берген. Өйткені бұрын байланыс құралдары болмағандықтан, қыз туған жерін сағынғанда сол топырақты иіскеп, сағынышын басқан. Сондай-ақ ер азаматтар да жорыққа шыққанда туған жерінің топырағын өзімен бірге алып жүрген. Олар «туған жердің топырағы жебеп жүреді» деп сенген.

Өңіржиек – қыз-келіншектердің кеуде тұсына тағылатын әшекей. Ол кеңірдек тұсынан кіндікке дейін төгіліп тұрады. Әсіресе жас келіншектерге арналған. Сыңғырлаған дыбысы мен жарқыраған күмісі түрлі жамандықтан қорғайды деген наным болған.

Қазақта «күш-қуат алақаннан шығады» деген түсінік болған. Сондықтан қыз-келіншектер қолына түрлі білезіктер таққан. Білезіктер тек сән үшін емес, денсаулыққа да пайдалы деп есептелген. Жасына қарай білезіктің нақышы немесе жіңішке түрлері тағылған.

Қазақ халқы жамандық әйел адамның шашы мен құлағы арқылы кіреді деп сенген. Сондықтан қыз балалардың шашына шашбау, құлағына сырға таққан. Сылдыраған дыбыс пен күмістің жарқырауы жамандықтан қорғайды деген сенім болған.



Қазақ халқының әшекей бұйымдары – жай ғана сәндік зат емес, ұлттың дүниетанымы мен рухани мәдениетінен сыр шертетін асыл мұра. Әрбір әшекейдің өзіндік тарихы, тәрбиелік мәні және халықтық наным-сеніммен астасқан терең мағынасы бар. Зергерлердің шебер қолынан шыққан бұл бұйымдар арқылы халқымыздың эстетикалық талғамы, табиғатпен үндестігі мен өмірге деген көзқарасы көрініс табады.

Бүгінде ата-бабамыздан қалған осындай зергерлік мұралар ұлттық мәдениетіміздің баға жетпес қазынасы болып саналады. Оларды зерттеп, сақтап, келер ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Қазақтың ұлттық әшекейлері ғасырлар өтсе де өз құндылығын жоғалтпай, халқымыздың бай тарихы мен дәстүрінің жарқын айғағы болып қала бермек.

**Наргиза ЕРГАЗИЕВА,**
**Қарасай аудандық тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі.**

# Ерлердің ерлігі есімізде

Адам өмірінде кем дегенде бір рет марапатқа ие болады. Бұл – карапайым сертификат, алғыс хат немесе жоғары дәрежелі құрмет белгісі ретінде медаль мен орден болуы мүмкін. Марапаттау – адамның еңбегін бағалап, оның қоғамдағы белсенділігін ынталандыруға бағытталған маңызды әлеуметтік тетік. Ол адамға ерекше күйлік, ризашылық немесе құрмет көрсету мақсатында берілетін белгі. Сондай-ақ сіңірген еңбектің бағалануы, адалдық пен ерлікке деген қоғамның ілтипаты болуы да мүмкін. Ендеше солардың біразына тоқталайық.

**Ұлы Отан соғысы жылдарындағы марапаттар**

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдан даласында ерлік көрсеткен жауынгерлер Кеңес Одағының Батыры атағымен, сондай-ақ «Ленин», «Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды. Бұл марапаттар сол бір ауыр кезеңнің қаһармандарын құрметтеудің ең биік нышаны еді.

**Орден мен медальдің айырмашылығы**

Медальдар мен ордендер – екеуі де құрмет белгісі болғанымен, олардың мәні мен мәртебесі әртүрлі.

Медаль – белгілі бір саладағы жетістік үшін берілетін марапат. Тарихи тұрғыда медальдар алғашында ақсүйектерге беріліп, олардың қоғамдағы ерекше статусын білдіретін.



Орден – мемлекеттік деңгейдегі жоғары марапат. Ол нақты ерлік, әскери еңбек, ғылым, мәдениет немесе мемлекет үшін аса маңызды қызмет үшін табысталады. Орденнің мәртебесі медальдан жоғары саналады.

Ордендер көбіне күрделі пішінде, жұлдыз бейнесінде жасалып, кейде асыл тастармен безендірілсе, медальдар әрдайым дөңгелек пішінді болады. Орденге міндетті түрде арнайы куәлік – орден кітапшасы беріледі.

Соғыс жылдары жаңа ерліктердің пайда болуына байланысты 1942 жылдан бастап 9 жаңа әскери орден тағайындалды. Командирлерге сарбаздар мен офицерлерді марапаттау құқығы беріліп, «Суворов», «Кутузов», «Александр Невский», «Отан соғысы», «Даңқ» ордендері кең қолданысқа енді.

КСРО марапаттарын тағу тәртібі де нақты белгіленді: барлық медальдар әдетте кеуденің сол жағына, ордендерден кейін орналасатын.

Ұлы Отан соғысында 7 миллионнан астам адам марапатталған. 11603 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алып, оның ішінде 104-і бұл атақты екі рет, ал Г.К. Жуков, И.Н. Кожедуб және А.И. Покрышкин – үш рет алған дара қаһармандар болды.

**Жерлес батыр – Вениамин Михайлович Милецкий**

Біздің жерлесіміз, Қаскелең (қазіргі Қарасай) ауданының тумасы Вениамин Михайлович Милецкий – Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған жандардың бірі.

1918 жылы Қаскелең ауылында дүниеге келген ол мектептен кейін жер қатынастары саласында еңбек етіп, кейін Семейдегі жұмысшылар факультетін аяқтаған. 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, Кеңес-Фин («Қысқы») соғысына қатысқан. 1941 жылы Ташкент әскери авиациялық училищесін тәмамдап, соғыс соңына дейін 373-авиациялық полкте штурман болып қызмет атқарды. Соғыс жылдары ішінде 305 рет жау тылына әуеге көтеріліп, 97900 кг бомба тастап, зенит батареяларын, әскери нысандарды, қоймаларды, көпірлерді жойып, партизандарға 21200 кг. азық-түлік жеткізіп,

242 жараланған партизанды эвакуациялаған. Оның ерліктері ескеріліп, 1945 жылғы 18 тамызда оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сондай-ақ «Ленин» ордені, екі «Қызыл Ту» және I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған.

**Федотов Федор Маркияновичтің ерлігі**

Музей қорында Ұлы Отан соғысының ардагері, 1945 жылғы 24 маусымдағы Мәскеудегі Жеңіс шеруіне қатысушы Федотов Федор Маркияновичке тиесілі «Қызыл Жұлдыз» ордені сақталған. Бұл орден 1930 жылы бекітіліп, әскери ерліктің жоғары белгісі ретінде танылды.

Федор Маркиянович Ұлы Жеңістің 40, 50 және 70 жылдық салтанатты шерулеріне құрметті қонақ ретінде қатысып, жалпы саны 22 әскери және мерейтойлық марапатпен наградталған. Олардың ішінде I-II дәрежелі «Отан соғысы» ордендері, «Ерлігі үшін», I дәрежелі «Даңқ», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдары бар.

**Әскери марапаттар – ерліктің мәңгілік белгісі**

Соғыс жылдарындағы әскери марапаттар – халқымыздың жауға қарсы күресінің тарихын бейнелейтін рухани жәдігер. Олар ерлікке толы дәуірдің үнсіз куәсі, батырлықтың айғағы, ұрпаққа аманат.

Бүгін біз 80 жылдан астам бейбіт өмір сүріп келеміз. Бірақ ерлік ұғымы өз маңызын жоғалтқан жоқ – қай заманда да батырлықтың орны бар. Бүгінгі ұрпақ та өз еліне адалдығымен, ерлігімен орден мен медальға лайықты.

**Ляззат НУРЖАНОВА,**
**Қарасай аудандық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.**

# Шай сандық – аналық мейірімнің белгісі

Қазақ халқының тұрмысында шай сандықтың орны ерекше. Ол – тек шай сақтайтын бұйым ғана емес, ананың ұқыптылығы мен қонақжайлығының нышаны. Осы құндылықты айқын көрсететін жәдігерлердің бірі Қарасай ауданындағы «Анаға құрмет» музейінде сақтаулы тұр.

Музейдегі шай сандықтар қазақ отбасының күнделікті тұрмысынан сыр шертеді. Бұл сандықта шай, қант, кесе мен қасық сияқты қажетті заттар жинақы сақталған. Ана әрдайым үй ішінің берекесін, тазалығын осы шай сандық арқылы реттеп отырған. Қонақ келгенде сандықты ашып, шай қою ананың тәрбиесі мен мәдениетінің көрінісі болған.



Шай сандық көбіне ағаштан жасалып, сырты ою-өрнекпен әшекейленген. Қазақтың дәстүрлі «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз» сияқты өрнектері де кең қолданылған. Кейбір сандық сүйекпен, күміспен немесе түрлі бояулармен безендірілген. Бұл оның тек пайдалы емес, сәндік мәнін де арттырған.

«Анаға құрмет» музейіндегі киіз үйде қойылған шай сандық ананың үй ішіндегі рөлін, оның мейірімі мен еңбегін айшықтай түседі. Бұл жәдігер арқылы келушілер қазақ әйелінің, ананың тұрмыстағы даналығы мен жауапкершілігін тереңірек сезінеді.

Бүгінде шай сандық күнделікті тұрмыста сирек қолданылғанымен, оның тарихи маңызы жойылған жоқ. Музейлер мен мәдени орталықтарда бұл бұйым халықтың тұрмысын танытатын жәдігер ретінде сақталып келеді. Сонымен қатар, қазіргі шеберлер шай сандықты заманауи үлгіде қайта жаңғыртуда.

**Лаура ҚАРАБЕК,**
**«Анаға құрмет» музейінің ғылыми қызметкері.**

ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

# Тұрмыста газ пайдаланудың ережелері

Қарасай ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрмыста газ аспаптарын пайдалану әрқашан қауіп-қатермен байланысты екенін ескертеді. Кез келген сәтте газдың шығуы мүмкін және қасіреттен құтылу мүмкін емес.

Жеке және көп қабатты үйлерде газ баллондарын және орталықтандырылған газбен жабдықтау желілерін пайдалану кезінде қайғылы салдарлардың туындауын болдырмау үшін



келесі жағдайларды ескеру ұсынылады:

- Газ жабдығының сақталуын және тазалықта ұсталуын қамтамасыз ету;

- Газ жабдықтарының, түтін құбырлары мен желдеткіштердің қалыпты жұмысын қадағалау, газ аспаптары қосылғанға дейін және жұмыс уақытында түтін мұржасына газдың жану өнімдерін бұрумен тартылуын тексеру. Газдалған пешті пайдаланар алдында шибердің (мұржадағы арнайы тосқауыл) толық ашылғанын тексеру;

- Үй-жайда газ иісі қатты пайда болған жағдайда дереу газ құралдарын пайдалануды тоқтату, ашық отты және электр құралдарын пайдаланбау, үй-жайды желдету үшін терезе мен желкөздерді ашу және авариялық құтқару қызметтеріне 104, 101, 112 телефондары бойынша хабарлау қажет.

Ал абоненттерге тыйым салынады үйге (пәтерлерге, бау-бақша үйіне) өз бетімен газдандыруды жүргізу, газ жабдықтарын ауыстыру және жөндеуге, газ құралдарының конструкциясына өзгерістер енгізуге, түтін және желдету жүйелерінің құрылымын өзгертуге, ұйықтауға және демалуға арналған газ аспаптары орнатылған үй-жайларды пайдалануға, жылыту радиаторынан немесе пештен кемінде 1 м баллонды орнатуға, екі қабаттан жоғары ғимараттарда, соның ішінде тұрғын үйлерде газ баллондарын пайдалануға тыйым салынады.

**Қарасай ауданының**
**Төтенше жағдайлар бөлімі.**

ВЕТЕРИНАРИЯ

# Жануарлардың мәліметтері жинақталатын жүйе

Бірдейлендіру – дерекқорға жануар туралы мәліметтерді енгізе және жануарға ветеринариялық паспортты бере отырып, жапсыру, чиптау, таңба салу жолымен жануарға жеке нөмір беруді қамтитын жануарларды есепке алу жүйесі.

Ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіруде сырғалау, таңбалау, чиптау арқылы жеке бірдейлендіру нөмерін берумен қатар, төлқұжат (паспорттау) арқылы жүргізіледі. Әрбір малға төлқұжат беріліп, өзінің жеке нөмірі болады.

Қазақстан Республикасының аумағындағы ауыл шаруашылығы жануарларының барлығы бірдейлендіруге жатады. Ірі қара және ұсақ малдардың төлдерін, сондай-ақ боталарды туғаннан кейін 7-10 күн өткен соң кешіктірмей, құлындарды 4 айлық жасында, торайларды бір айға толғанда бірдейлендіреді.

Ауыл шаруашылығы жануарларын белгілеу түріне байланысты мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:



1) сырғалау (ірі қара мал, ұсақ мал, түйелер, маралдар, шошқалар және тоғыз айлық жасқа дейін сойылмаған, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын, өнеркәсіптік өсіруге және бордақылауға арналған торайлар үшін);

2) таңба басу (төрт айлық жасқа толғаннан бастап) немесе чип салу (туғаннан бастап жеті күн өткеннен кейін) (жылқылар және тақ тұяқты жануарлар үшін);

3) татуировка (ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, тоғыз айлық жасқа жеткенге дейін кейіннен сою үшін бордақылауға арналған торайлар үшін);

4) электрондық бірдейлендіру тәсілі (маралдар және ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар бизондар).

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру саланың дамуы байланысты болатын мал шаруашылығындағы ажырамас бөлігі және субсидиялау, сондай-ақ өнімді әлемнің дамыған елдерінің нарықтарына жіберу шарттарының бірі болып табылады. Жануарлар сатып алынады және сатылады, яғни олар бір фермадан екіншісіне ауысады. Олар бордақылау үшін үшінші тұлғаларға беріледі, жазғы жайылымдарға шығарылады. Басқа малдың кез келген қозғалысы ең алдымен қауіпті аурулардың таралу қаупімен байланысты. Жануарларды сәйкестендіру жануарлардың да, жануарлардан алынатын өнімдердің де қадағалануын, сондай-ақ эпизоотиялық қауіпсіздікті, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін тек ел ауқымында ғана емес, сонымен қатар сыртқы нарықтарға өткізу кезінде де қамтамасыз етеді.

Сәйкестендіру – мал ұрлығының алдын алу шараларының бірі. Одан бөлек ауыл шаруашылығы жануарларының қауіпті аурулары туындаған кезде өтем алу үшін жағдайлардың бірі болып табылады. Өйткені жануарлар туралы барлық мәліметтер АШЖБ базасында тіркелген. Бірдейлендірусіз жануарларға ветеринариялық көмек көрсетілмейді және ветеринариялық анықтамалар берілмейді.

Алынған төлді сәйкестендіру үшін бірінші кезекте, ауылдық округтің ветеринариялық дәрігеріне өтініш жасау қажет. Өтініш негізінде жануарға жеке нөмір беріледі және мәліметтерді «ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» компьютерлік базасына енгізе отырып, аспалы құлақ биркасы қойылады. Ауыл шаруашылығы жануарына жеке нөмір берілген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оның иесіне ветеринариялық паспорт беріледі.

Ауыл шаруашылығы жануарларының төлдері келесі жасқа жеткен күннен бастап 14 жұмыс күнінен кешіктірілмей сәйкестендірілуге жатады: бұзаулар, қозылар, ешкілер - туған күнінен бастап жеті күн өткен соң; құлындар – төрт айлық жастан бастап; асыл тұқымды торайлар, одан әрі өсіруге және өсімін молайтуға арналған торайлар және жұртшылық шаруашылықтарында ұсталатын торайлар – үш айлық жастан бастап.

**О. ЖАКУПОВ,**
**Жібек жолы ветеринариялық пункттің меңгерушісі.**

# Аусыл ауруы адамдарда да кездеседі

Аусыл – ашатұяқты малдарда (ірі қара, қой, шошқа) кездесетін, ауыздың кілегей қабығы мен желін, аяқта күлдіреуік жаралар пайда болатын өте жұқпалы вирус ауруы. Адамға ауру малмен қатынаста болғанда немесе піспеген сүт, ет өнімдері арқылы жұғады. Қызудың көтерілуі, ауыздан сілекей ағу, күлдіреуіктер аурудың негізгі белгілері болып табылады.

Аусыл ауруының негізгі ерекшеліктеріне келер болсақ, оның

инфекция көзі – ауырған жануарлар. Малмен тікелей қатынас, жұқтырылған жем-шөп, аурумалдың өнімдерін (шикі сүт, ет) пайдалану – осының бәрі жұғу жолдарына жатады. Адамдардағы белгілері мынадай: ауыз қуысында, тілде, саусақ арасында ауырсынатын бөртпелер, қызу, мазасыздық байқалады.

Ал аурудың алдын алу үшін малдарды вакцинациялау, ауру ошақтарын оқшаулау, жеке гигиенаны сақтау, сүт пен етті термиялық өңдеу қажет. Адамдарда аусыл ауруы сирек кездеседі, бірақ өте қауіпті болуы мүмкін. Емдеу тек дәрігердің бақылауымен жүргізіледі.

Жануарлардағы аусыл вирусының негізгі клиникалық көрінісі – афта. Олар терінің және шырышты қабаттардың бетіндегі түзілетін кішкентай везикулалар. Ірі қара малда ауру белгілері пайда болғаннан және температураның көтерілуінен 2-3 күн өткен соң пайда болады. Көбінесе олар ауыздың шырышты қабатында орналасады - осы себепті жануарлардың тәбеті нашарлайды, күйіс қайтару жоғалады. Сондай-ақ, афтар желін аймағында теріде болуы мүмкін.

Аурудың алдын алу шаралары мыналардан тұрады: профилактикалық егпе жүргізу, карантиндік шараларды қатаң сақтау, мал қоралары мен көліктерін профилактикалық дезинфекциялау.

Сонымен қатар барлық ауру және жұқтыру күдігі бар жануарларды дереу сою қажет. Бұл бастапқы ошақта Аусылды толығымен жоюға мүмкіндік береді. Одан кейін қауіпті аймақтарда сезімтал жануарларды жүйелі профилактикалық иммундау керек. Үй-жайларды, оттықтарды, төсемдерді, жануарларды күтуге арналған жабдықтарды дезинфекциялау маңызды.

Адамдарға жұқтырудың негізгі жолы ауру жануарлардың шикі сүтімен оны қайта өңдеу өнімдерін пайдалану арқылы, ет арқылы жұғу сирек кездеседі. Адамнан адамға инфекция берілмейді.

Адамдарды аусыл жұқтырудан қорғау үшін сүтті қайнатуды немесе пастерлеуді, өңделген кілегейден май дайындауды ұмытпаған жөн. Ұзақ термиялық (қайнату) өңдеуден өткен етті пайдалану керек.

**Д. ИМАНГАЛИЕВ,**
**Елтай ауылдық округі ветеринария пунктінің меңгерушісі.**

АЯЛАСАҢ, ТАБИҒАТТЫ АЯЛА!

# Ормандардың санитарлық қауіпсіздігін сақтау маңызды

Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы. Ол қоршаған ортаның экологиялық тепе-теңдігін сақтап, ауа тазалығын қамтамасыз етеді және көптеген жануарлар мен өсімдіктер үшін табиғи мекен болып табылады. Сондықтан мемлекеттік орман қоры жерінде санитарлық талаптарды сақтау аса маңызды.

Осы бағытта «Қаскелең орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ормандардың санитарлық жағдайын тұрақты бақылауда ұстап келеді. Орман шаруашылығы қызметкерлері орман алқаптарына жүйелі түрде тексеру жүргізіп, ағаштардың жағдайын қадағалайды, сондай-ақ зиянкестер мен түрлі аурулардың пайда болу белгілерін анықтайды.

Ормандарда зиянкестер мен аурулар ошақтары анықталған жағдайда, олардың таралуына жол бермеу үшін тиісті шаралар қабылданады. Сонымен қатар орманның санитарлық жағдайын жақсарту мақсатында санитарлық кесулер жүргізіледі. Бұл жұмыстардың қатарында қураған, зақымданған немесе ауруға шалдыққан ағаштарды іріктеп кесу және орманды тазарту шаралары бар.

Орманның санитарлық жағдайын сақтау үшін орман аумағын ластауға жол берілмейді. Орманда тұрмыстық қалдықтарды қалдыру, табиғи ортаға зиян келтіретін әрекеттер жасау – орман экожүйесіне кері әсерін тигізеді.

Осыған байланысты «Қаскелең орман шаруашылығы» КММ барлық азаматтарды мемлекеттік орман қоры жерінде санитарлық талаптарды сақтауға шақырады. Табиғатты қорғау – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Орманды аялап, оның тазалығы мен қауіпсіздігін сақтау арқылы біз табиғатты келер ұрпаққа аман жеткізе аламыз.

**Д.КОНИСБАЕВ,**
**«Қаскелең орман шаруашылығы» КММ Іле орманшылығының орманшысы.**

# Өрт маусымына дайындық – ортақ міндет

Көктем мен жаз айлары – орман үшін ең қауіпті кезеңдердің бірі. Ауа райының жылынуы, құрғақшылықтың күшеюі және желдің әсері орман өрттерінің пайда болу қаупін арттырады. Сондықтан өрт қауіпті маусым басталар алдында орман шаруашылығы мекемелерінде арнайы дайындық жұмыстары жүргізіледі. Алдымен орман күзеті қызметкерлерінің кезекшілік кестесі бекітіліп, өртті ерте анықтау және жедел әрекет ету жүйесі ұйымдастырылады. Орман алқаптарында бақылау жұмыстары күшейтіліп, өрт қаупі жоғары учаскелерде тұрақты патрульдеу жүргізіледі. Сонымен қатар минералданған жолақтар жаңартылып, орман ішіндегі жолдар мен өртке қарсы тосқауылдар тазаланады. Өрт сөндіру техникасы мен құрал-жабдықтардың техникалық жағдайы тексеріліп, қажет болған жағдайда жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Орман қызметкерлері үшін өрт кезінде әрекет ету тәртібі бойынша нұсқама өткізіліп, оқу-жаттығулар ұйымдастырылады.

Орман өрттерінің көпшілігі адам әрекетінен туындайды. Сондықтан тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, орман аумағында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажеттігі ескертіледі. Орманда от жағуға, темекі тұқылын тастауға, құрғақ шөпті өртеуге қатаң тыйым салынады.

Сондай-ақ орманға келген азаматтарға қоқыс қалдырмау керектігі ескертіледі. Әсіресе шыны бөтелкелер мен әйнек сынықтары өте қауіпті. Күн сәулесі әйнек арқылы өткен кезде үлкейткіш әйнек әсерін беріп, құрғақ шөптің тұтануына себеп болуы мүмкін.

Орман – баршамызға ортақ табиғи байлық. Сондықтан әрбір азамат табиғатты қорғауға жауапкершілікпен қарап, өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Орманды сақтау – келер ұрпақ алдындағы ортақ міндет.

**О.БАЙТІКОВ,**
**«Қаскелең орман шаруашылығы» КММ орман өрт сөндіру станциясының бастығы.**

